

30 тамыз - Қазақстан Республикасының Конституциясы күні!



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ӨЗІН ДЕМOKPATИЯЛЫҚ, ЗАЙЫРЛЫ, ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК МЕМЛЕКЕТ РЕТІНДЕ ОРНЫҚТЫРАДЫ, ОНЫҢ ЕҢ ҚЫМБАТ ҚАЗЫНАСЫ - АДАМ ЖӘНЕ АДАМНЫҢ ӨМІРІ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН БОСТАНДЫҚТАРЫ.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ КОНСТИТУЦИЯСЫНЫҢ 1-БАБЫ.



МӘҢГІЛІК ЕЛ - ҰЛЫ МҰРАТЫМЫЗ!

Ақсу өңірі

Қоғамдық - саяси, әлеуметтік - экономикалық газет

Газет 1934 жылғы 1 қазаннан шығады

№35 (10 238)

30 тамыз

жұма

2024 жыл

aksuoniri@mail.ru

ҚАЗАҚТЫҢ ІРІЛЕРІ, АБАЙДЫҢ ІНІЛЕРІ



КОНСТИТУЦИЯМЫЗДЫҢ ҰЛАҒАТТЫ ҰСТАНЫМДАРЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАҒДАРЫСТАРДЫ БАТЫЛ ЕҢСЕРІП, БОЛАШАҚҚА СЕҢІММЕН ҚАДАМ БАСУЫМЫЗҒА ЖОЛ АШАДЫ. БІЗ АЗАМАТТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН БОСТАНДЫҚТАРЫНА КЕПІЛДІК БЕРЕТІН МЫЗҒЫМАС ҚҰНДЫЛЫҚТАРҒА СУИЕНЕ

ОТЫРЫП, ӘДІЛ МЕМЛЕКЕТ ҚҰРАМЫЗ. БАСТЫ МАҚСАТЫМЫЗ - ХАЛЫҚТЫҢ ТҰРМЫС САПАСЫ МЕН ӘЛ-АУҚАТЫН АРТТЫРУ.

ҚАСЫМ - ЖОМАРТ КЕМЕЛҰЛЫ ТОКАЕВ, ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ.

Ата Заңымыз еліміздегі барлық жетістіктердің бастауы

Аудан әкімі тынышбаев берік тынышбайұлының аудан халқын құттықтауы

Аудандық мәслихат төрағасы сүлейменов бейбіт жаңылысұлының құттықтауы

Тәуелсіз Қазақ елінің жаңа Конституциясы қабылданғанына 30 тамызда 29 жыл толады. Бұл мерзім тарих үшін аз ғана уақыт болғанымен, осы кезеңде ұзақ жылдарда жүзеге асырылуы мүмкін қыруар өзгерістерге қол жетті. Қазақстан Республикасы экономикалық, саяси, идеологиялық дағдарыстарды жеңіп, әлемдегі алдыңғы қатарлы елдермен терезесі тең демократиялық даму жолына түсті.

Қазақстан Республикасының Конституциясы күні — біздің еліміз үшін маңызды мерекелердің бірі. Осыдан жиырма сегіз жыл бұрын ең жоғары заңдық күші бар құжат – Ата Заңымыз қабылданған еді, онда бекітілген республикамыздың тұғырлы қағидаттары бүгінде өзінің өміршеңдігін дәлелдеді. Қазақстан халықаралық қоғамдастықта лайықты орын алып, биік белеске көтерілгені – осының айғағы. Осы уақытта әр қазақстандық Конституцияның мемлекет пен қоғам үшін ғана емес, өзінің жеке басы мен отбасы үшін де маңыздылығын терең сезінеді.

Конституцияны қастерлеу басты парызымыз. Ата Заңымыз бізге таңдау құқығын беріп отыр. Өйткені, өмірінді өзін ойлағандай құру бар байлықтан бағалы. Әрбір қазақстандық келешекке керуен тартқан мемлекетіміздің тұрақты дамуының кепілі Конституцияның мемлекет пен қоғам үшін ғана емес, өзінің жеке басы мен отбасы үшін де маңыздылығын терең сезінеді. Жылдан жылға біздің басты құндылықтарымыз – Тәуелсіздігіміз, Келісім мен Бірлігіміз нығая берсін. Әр шаңыраққа құт - береке, ырыс пен ынтымақ тілеймін. Ел іргесі аман, келешегіміз кемел болсын!

Ынтымағы жарасқан еліміздің бағын асырып, мерейін тасытатын үлкен істе баршаларыңызға сәттілік серік болсын! Ата Заңымыз еліміздегі барлық жетістіктердің бастауы, құқық теңдігі мен барлық қазақстандықтарға бірдей мүмкіндіктерді беретін серік.

Ақсулықтарды Конституция күнімен құттықтаймын. Құттықтай отырып, әрқайсымыз болашаққа сеніммен қарап, мәдениетіміз марқайып, дәулетіміз арта берсін демекпін.

Мәслихат депутаттары атынан барша ақсулықтарды мерекемен құттықтаймын. Әрқайсыларыңыздың отбасыларыңызға ынтымақ пен ырыс, құт - береке тілеймін! Әрдайым аспанымыз ашық, ел іргесі аман, жұртымыз тыныш, келешегіміз кемел, Тәуелсіздігіміз тұғырлы, Конституциямыз ғұмырлы, елдігіміз мәңгі болсын!

Отбастарыңызға береке - бірлік тілеймін.

Ата Заңды ардақ тұтқан өнегелі еліміз өркендей берсін!



Құрметті қауым! Сіздерді қолбасшы, батыр Бөрібай Сарыұлының 330 жылдығына арналған мерекелік шараға шақырамыз.

Өтетін орны: Жетісу облысы, Ақсу ауданы, Жансүгіров ауылы. Уақыты: 13 – 14 қыркүйек, 2024 жыл.

Қолбасшы, батыр Бөрібай Сарыұлының 330 жылдығына арналған мерекелік шараның бағдарламасы

13 ҚЫРКҮЙЕК.

10:00 Ақын Д.Мұсановтың «Бөрібай батыр» дастанын мәнерлеп оқу байқауы. Өтетін орны: «Ақын Сара» атындағы мәдениет үйі.

10:00 Тоғызқұмалақ ойынынан жарыс. Өтетін орны: Ж.Сыдықов атындағы орта мектеп.

10:00 Ардагерлер арасында волейбол жарысы. Өтетін орны: Ақсу агротехникалық колледжі.

10:00 Қазақ күресінен түйе палуан жарысы. Өтетін орны: Дене шынықтыру – сауықтыру кешені.

14:00 Салым – көкпар. Өтетін орны: Н.Есеболатов ауылы.

18:00 Мерекелік концерт. Өтетін орны: Орталық алаң.

14 ҚЫРКҮЙЕК.

09:00 Матай Бөрібай батыр ескерткішіне гүл шоғын қою.

10:00 «Ел қорғаған – Ер Бөрібай» ғылыми – танымдық конференция. Өтетін орны: Ақсу ауданы әкімдігінің үлкен мәжіліс залы.

11:15 «Елге қорған, ерлікке ұран болған Бөрібай батыр» кітап көрмесі және кітап жәрмеңкесі. Өтетін орны: "Молықбай Байсақұлы" атындағы мәдениет үйі.

11:30 Драматург Айдын Рысбекұлының «Бөрібай» тарихи драмасы. Өтетін орны: "Молықбай Байсақұлы" атындағы мәдениет үйі

13:00 Түскі ас. Таусамалы ауылы, «Жібек жолы» мейрамханасы.

15:00 Бәйге. Қарасу ауылы, «Қоқты» атшабары.

ҰЙЫМДАСТЫРУ КОМИТЕТІ.

Қыстың қамын – жаз ойла!

Құрметті Ақсу ауданының тұрғындары!

Алдағы 2024 - 2025 жылдың қыс мезгілінің ерте түсуіне байланысты жылыту маусымына дайындық шараларын жүргізу аясында, күз айларында жылу беру кәсіпорындарына көмірді жеткізу жұмыстары атқарылады, ол коммуналды - тұрмыстық көмірді тасымалдаушы вагондар санының, қысқаруына әкеп соғады. Осыған орай, жылыту маусымында көмірдің, жетіспеушілігін және әлеуметтік шиеленісті болдыр-

мау мақсатында, Ақсу ауданының әкімдігі қатты отынның қажетті мөлшерін көмір тұйықтары мен қоймаларынан алдын - ала жаз - күз мезгілінде сатып алу керектігін ескертеді.

«Ақсу ауданының тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесі.



Жақсылық жасап жарысайық!

Ел болашағының тізгінін ұстайтын жас ұрпақ – мемлекетіміздің басты құндылығы. Олардың толыққанды білім алып, саналы азамат болып қалыптасуына ықпал ету – басты міндет.

Осыған орай, жаңа оқу жылының қарсаңында жылдағы дәстүр бойынша «Мектепке жол» Республикалық акциясы аясында Мамания орта мектебі, мектепке дейінгі шағын орталығымен коммуналдық мекемесінде белсенді жұмыс жүргізілуде. 2024 - 2025 жаңа оқу жылында ұйымдастырылған «Мектепке жол» Республикалық акциясы «Мектепке жол – шекарасыз жақсылық» ұранымен өткізіліп отыр. Акция 01 тамыз бен 30 қыркүйек аралығын қамтитын болады. Аталмыш акцияның басты мақсаты - әлеуметтік мәртебеге ие отбасынан шыққан, ата – ана қамқорлығынсыз қалған оқушыларға материалдық тұлғарында көмек көрсету және әлеуметтік себептер бойынша балалардың мектепке бармауының алдын алу болып табылады.

Акция аясында мектеп бойынша әлеуметтік көмек қажет ететін оқушылар анықталып, ата - аналарының өтініші негізінде оқушыларға көмек көрсетілуде. Демеушілерді тарту мақсатында әртүрлі бизнес өкілдеріне сұраныс хаттар жіберіліп, ата - аналар мен мектеп қызметкерлеріне түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Жаңа оқу жылы қарсаңында акция аясында жалпы 60 оқушыға көмек ұйымдастырылды.

Осы жылы акцияға Ақсу ауылдық әкімшілігі, ауыл имамы және мектеп мұғалімдері тартылып, көптеген қайырымдылық



көмектер көрсетіліп отыр. Оқушыларға көмекті ұйымдастыру барысында мектеп формасы, кеңсе құралдары, мектеп сөмкесі және қажет болған жағдайда демеушілер тарапынан қаржылай да көмек көрсетілді.

Оқушыларға демеуші болып, қолдау көрсеткендердің басым көпшілігі – мектеп мұғалімдері. Ұстаздарға, ата - аналарымыз бен демеушілерімізге игі шараның ұйытқысы болып, оқушыларымызға қолдау көрсеткендері үшін алғыс айтамыз.

«Мектепке жол» Республикалық акциясы әлі де жалғасын табады және оқушылардың әлеуметтік жағдайы басты назарда болады. Осыған байланысты мектебіміздің әлеуметтік көмекті қажет ететін оқушылардың ата-аналарына және акцияға үлес қосып, демеуші болам деген тұлғаларға мектеп әкімшілігіне жолығуларын өтінеміз.

Жақсылық жасау - күн шуағындай адам жүрегін нұрға бөлейді. Ал, балаға қуаныш сыйлау бақыттың биік шыңы. Осы орайда акция аясында мектеп оқушыларына көмек көрсетіп қол ұшын созған әрбір демеушілерге тағы да шексіз алғыс білдіреміз.

Салтанат АҚМОЛДАЕВА,
Мамания орта мектебінің
әлеуметтік педагогы.

Менің таңдауым – балаларға көмек көрсету!



«Мектепке жол» жалпы республикалық қайырымдылық акциясы мектеп оқушыларын жалпы бірдей біліммен қамтамасыз ету мақсатында 2024 жылдың 1 тамыздан 30 қыркүйекке дейінгі аралығында өткізіледі. Екі ай бойы жүргізілетін ауқымды шараның мақсаты: жаңа оқу жылына дайындық уақытында аз қамтамасыз етілген және көпбалалы отбасылардан шыққан оқушыларға қолдау көрсету; баланың әлеуметтік себептермен мектепке келмей қалуының алдын алу; жетім балаларға, ата – анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға, тұрмыс жағдайы төмен отбасыларына нақты көмек көрсету болып табылады.

Балаларға қуаныш сыйлағыңыз келеді ма? Ендеше, жақсылыққа жетелейтін жақсы ниет танытуға керемет мүмкіндік - «Мектепке жол» акциясы. Қайырымды жандардың қолдауымен ұйымдастырылып отырған «Мектепке дейінгі шағын орталығы бар, оның ішінде Шолақөзек ауылында шағын орталығы бар Абай атындағы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіндегі науқанға атсалысып, балалардың қуанышына бөленіп, алғысына ие болуға шақырамыз. Бірқатар мектеп оқушыларына осы акцияның аясында демеушілер және қайырымды азаматтар тарапынан мектепке қажетті құрал - жабдықтар және қажетті киім - кешектер алынып беріледі. Қайырымдылық акциясы әлі де жалғасуда.

Фариза ИМАНҚОЖАНОВА,
Абай атындағы орта мектебінің әлеуметтік педагогы.
Көкжайдақ ауылы.

АҚСУ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ШЕШІМІ

ЖОБА

Жетісу облысы Ақсу ауданында коммуналдық қалдықтарды басқарудың 2024-2029 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы Қазақстан Республикасының Экология кодексінің 365-бабының 3-тармағының 1) тармақшасына сәйкес, Ақсу аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес Жетісу облысы, Ақсу ауданында коммуналдық қалдықтарды басқару жөніндегі 2024-2029 жылдарға арналған бағдарлама бекітілсін.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Лауазымы

Аты-жөні

РЕШЕНИЕ АКСУСКОГО РАЙОННОГО МАСЛИХАТА

ПРОЕКТ

Об утверждении программы по управлению коммунальными отходами в Аксуском районе области Жетісу на 2024-2029 годы

В соответствии с подпунктом 1) пункта 3 статьи 365 Экологического кодекса Республики Казахстан, Аксуский районный маслихат **РЕШИЛ:**

1. Утвердить программу по управлению коммунальными отходами в Аксуском районе области Жетісу на 2024-2029 годы согласно приложению к настоящему решению.

2. Настоящее решение вводится в действие по истечении десяти календарных дней после дня его первого официального опубликования.

Должность

ФИО

ТІЛ - ең асыл құндылық!

Тілді өркендету - баршаның ісі. Тіл - тек қарым – қатынас құралы емес, ұлтымыздың биік тұғыры. Бұл ретте біздің мемлекетіміздің тілге деген жанашырлығы басым. Мемлекет басшысының жыл сайынғы халыққа жолдауында да басым бағыттарының бірі – «мемлекеттік тілді» жан – жақты дамытуға бысты назарда ұстап келеді. Қоғамда қазақ тілінің мемлекеттік дәрежесін нығайту еліміздің саясатының басты басымдығы болып қала береді. Қоғамда, мемлекеттік қолдау мүмкіндігі жоғары салаларда қазақ тілінің қолданыс аясы едәуір кеңейіп келе жатыр деп айтуға толық негіз бар. Қазіргі қоғамымызда жастардың белсенділігі жоғары. Жастарға баса назар аудару арқылы тіл саясатын жүргізу мол жемісін береді деп ойлаймын.

Еліміз тәуелсіздік алғалы бері төл тіліміз мемлекеттік мәртебеге ие болып, қолданыс



өрісі кеңейді. Қазіргі таңда өнер, әдебиет, мәдениет, баспасөз, радио, теледидарымыз 90 жылдарға қарағанда әлдеқайда «қазақша сайрап тұр» десек болады. Бұл біздің мемлекеттік тіліміздің мәртебесінің асқақтағаны. Яғни, барлық мүмкін болар оңды - солды жағдайды жете бағамдай отырып жүргізілген мемлекеттік тіл саясатының нәтижесі. Қазіргі жаһандану кезеңінде еліміздің ақпараттық кеңістігін әлемдік стандарттарға сай кеңейте оты-

рып, мемлекеттік тілді ұлттық қауіпсіздіктің маңызды бір нысаны ретінде жетілдіруді және қорғауды қамтамасыз еткеніміз абзал. Қазақстандағы тіл саясатының көпұлтты мемлекетіміздің тұрақты дамуына ізгілікті қызмет етіп отырғандығы қуантады. Сонымен бірге әр ұлт өкілдерінің қазақ тілін білуге талпынуы қуантатын жағдай.

«Ана тілі» дегеніміз – сол тілді жасаған, жасап келе жатқан халықтың баяғысын да, бүгінгісін де, болашағын да танытатын, сол халықтың мәңгілігінің мәңгілік мәселесі. Ана тілін тек өгей ұлдары ғана менсінбейді, өгей ұлдары ғана аяққа басады», - деп Ғ.Мүсірепов айтқандай елдің болашағын, тілдің болашағын сақтау баршаның міндеті.

Ж.АЛШЫНБАЕВА,
аудандық орталық
кітапханашысы.

Тілсіз халық - қанатсыз күспен тең

Қазақ тілінің құдіретіне қанша сөзбен айтсақ та, оны жеткізу мүмкін емес. Кезінде талай ғалым жазушы, зерттеушілер осы қазақ тілінің қандай көркем тіл екенін айтқан еді. Соның бірі Мелиоранский «Қазақ тілі түрік тілдерінің ішіндегі ең таза, әрі бай тілге жатады. Қазақтар – шешен әрі әдемі сөйлеудің хас шебері...»

Бойымызға анамыздың сүтімен дарыған ана тілімізді ардақтап, ұрапақтан - ұрпаққа жеткізу басты парызымыз. Ана тілінің қадір – қасиетін ерте кезден-ақ түсіне білген халқымыз оны қасиетті мұраға балап, қастерлейді.

Тіл болашағының жарқын болуы саналы да қуатты жастардың қолында. Ендеше, татулықпен тұрақтылықтың негізінде болған туған тіліміз тұғырлы, тәуелсіздігіміздің ғұмырлы болуы үшін баршамыз тіл мерейінің жоғарлауы үшін әрекет ету қажеттілігі туындап отыр. Туған тіліміздің мерейі үстем болсын.

Елдос ҚАЛИЕВ,
"Ақын Сара" атындағы мәдениет үйінің
музыкалық жетекшісі.

БАЛАЛАРҒА КӨМЕК КӨРСЕТЕЙІК!

Ел болашағының тізгінін ұстайтын әрбір тұлға, әрбір ұрпақ иесі мемлекетіміздің басты құндылықтарының бірі. Олардың толыққанды отбасында тәрбиеленуі, саналы білім алуы, жаңа Қазақстанның білімді де, білікті азаматы болуына ықпал ету – біздің басты міндетіміз.

Міне, жаңа оқу жылы қарсаңында жыл бойы жалғасын табатын "Мектепке жол" - Республикалық акция аясында Ш.Уалиханов атындағы орта мектебі, мектепке дейінгі шағын орталығымен "коммуналдық мемлекеттік мекемесінде ұстаздар ұжымында өз үлестерін қосты. "Мектепке жол" - акция мақсаты - аз



қамтылған отбасы, көп балалы отбасы, ата - анасының қамқорлығынсыз қалған отбасы балаларына, жетім балаларға жаңа оқу жылының басталуына дайындық кезінде материалдық қолдау көрсету. Әлеуметтік себептер бойынша мектепке келмеуінің алдын алу.

"Мектепке жол", "Менің таңдауым - балаларға көмек көрсету" акциясы аясында мектеп бойынша әлеуметтік көмек қажет ететін оқушылар анықталынып, ата-аналарының өтініші негізінде көмек көрсетілді. Демеушілер тарту мақсатында сұраныс хаттар жіберіліп, ата - аналар мен мектеп ұжымына түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Жаңа оқу жылы қарсаңында ұстаздар ұжымынан 10 оқушыға 100000 теңге көлемінде көмек көрсетілді. Қуанса бала қуансын. Мен үшін бақыттың биік шыңы әр азаматтың әрбір отбасы балаларының қуанғанында.

С.ҚУАТОВА,
әлеуметтік педагог.

БАСПАСӨЗ -
2024

АҚСУ ӨҢІРІ


ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ ГАЗЕТІНЕ
2024 ЖЫЛДЫҢ II ЖАРТЫ ЖЫЛДЫҒЫНА ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП ЖАТЫР

Ауданның тыныс - тіршілігінен құлағдар болғыңыз келсе, аудандық және ауылдық "ҚАЗПОШТА" байланыс бөлімшелеріне барып жазылыңыздар.

"АҚСУ ӨҢІРІ" газетіне 1 жылдық жазылу бағасы - 4414 теңге, 80 тиын және жарты жылға - 2207 теңге 40 тиын.

Газет индексі: 66750

"ҚҰҚЫҚ ТӘРТІБІ" жедел профилактикалық іс – шарасы



«Құқық тәртібі» жедел профилактикалық іс - шарасы өткізілуде. ЖПШ өткізу барысында Матай ст. ЖПБ қызметкерлерімен рейдтік іс - шаралар жүргізілуде. Мақсаты - көшелерде және де басқа қоғамдық орындарда, қоғамдық тәртіпті сақтау мен қылмыстардың алдын алу және құқық бұзушылықтарды оның ішінде ұсақ бұзақылық, вандализм, кемелетке толмағандардың заңды өкілдерінің еріп жүруінсіз түнгі уақытта ойын - сауық мекемелерінде немесе тұрғынжайдан тыс жерде болуы фактілерін анықтау бойынша жұмыстар жүргізілуде.

А.НЕСІПҚАЛИЕВ,
Матай ст. ЖПБ бастығы,
полиция аға лейтенанты.

Ағымдағы жылдың та- нұсқауына сәйкес Үштөбе ст. мыз айының 26 - 28 күндері ЖПБ-нің Матай ст. ЖПБ-нің аралығында көліктегі ПД қарамағындағы аумағында

Ауылым - алтын бесігім

Туған жердің қадірін әркім әртүрлі түсінеді. Менің туған ауылым - Құрақсу ауылы. Ол Жетісу облысы, Ақсу ауданының қиыр шетінде, аудан орталығынан 180 шақырым жерде орналасқан. Табиғатына келсек – ауасы таза, көлдерінде түрлі балығы шапшыған, орманында әртүрлі құстар мен аңдар да бар.

Жері құмдауым болса да сан түрлі өсімдіктер өседі. Оның ішінде дәрілік шөптері де жетерлік. Мысалы, тәтті түбірлі мия, итмұрын, жалбыз, жолжелкен, иірмен, қызыл мия, жантақ, кері қыз

тағы басқа көптеген пайдалы өсімдіктері бар.

Осы табиғатқа орасан зор зиян әкелетін орман өрті және адамдардың күнделікті тұрмыста қолданатын қоқыс қалдықтары.

Сол себепті табиғатқа шыққанда мейлінше сақ болуымыз керек. Ауылымыздың табиғатын келешек ұрпаққа мұра етіп қалдыру міндетіміз болып саналады.

С.МҰХАМБЕКОВ,
«Бөрлітөбе» ОШКММ «Құрақсу» орман шаруашылығы орман шебері.

"МЕКТЕПКЕ ЖОЛ" қайырымдылық акциясы

«Мектепке жол» республикалық акциясы мектеп оқушыларын жалпыға бірдей міндетті біліммен қамтамасыз ету мақсатында 2024 жылдың 1 тамыз - 30 қыркүйек аралығында өткізіледі.

Қазақстан Республикасының әрбір азаматы халықтың әлеуметтік осал топтарынан шыққан балаларды мектепке дайындауда атаулы көмек көрсетуде азаматтық белсенділік таныта алады, әрбір балаға шынайы қамқорлық пен назар аудара алады.

Акцияның мақсаты - аз қамтылған және көп балалы отбасылардан шыққан оқушыларға, жетім балаларға, сондай-ақ, ата - анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға оқу жылының басталуына дайындық кезінде материалдық қолдау көрсету және әлеуметтік себептер бойынша балалардың мектепке келмеуінің алдын алу.

«Н.Есеболатов атындағы



орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде де «Мектепке жол» қайырымдылық акциясы «Балаға мейірім сыйла!» атты ұранмен жүргізілуде. Акцияға белсенділік танытып, 6 оқушыға 221 000 теңге көлемінде қаржылай демеушілерді ұйымдастырып отырған Есеболатов ауылдық округінің әкімі Б.Т.Нұрахметовке, соның ішінде ауылдық әкімшілік, ауылдық мал дәрігерлік пункт қызметкерлері, ауылдық ФАП қызметкерлері, ауылдың тумасы-кәсіпкер Р.С.Бабысовқа мектеп

ұжымы атынан алғысымызды білдіреміз. Ауылымыздағы мешіт қауымы 30 000 тг, «Айдын-М» жеке шаруа қожалығының төрағасы А.Болатхан 1 оқушыға 50 000 тг көлемінде киім-кешек, оқу құралдарымен қамтамасыз етті. Ақсу аудандық маслихат депутаты Уалиев Т.С. 25000 теңге көлемінде 1 оқушыға мектепке қажетті киім - кешек алып берді.

Сонымен қатар мектеп мұғалімдері тарапынан да көмектер берілуде. Осы уақытқа дейін 462 350 тг көлемінде оқушыларға демеушілер тарапынан мектепке қажетті оқу - құралдар мен мектеп формасына, спорттық киімдерге қаржылай және заттай көмек берілді.

Акция әлі де жалғасуда. Ауыл азаматтары және кәсіпкерлерді қамқорлық акциясына қатысуға шақырамыз!

Н.ЕСЕБОЛАТОВ
АТЫНДАҒЫ ОРТА МЕКТЕБІ
МДШО КММ ӘКІМШІЛІГІ.

Жақсылық жасап жарысайық!



Қазақстан Республикасының әрбір азаматы халықтың әлеуметтік осал топтарынан шыққан балаларды мектепке дайындауда атаулы көмек көрсетуде азаматтық белсенділік таныта алады, әрбір балаға шынайы қамқорлық пен назар аудара алады.

Осы орайда "Қызылағаш негізгі орта мектебі, мектепке дейінгі шағын орталығымен" коммуналдық мемлекеттік мекемесінде де "Мектепке жол" акциясы 2024 жылдың 1 тамызбен 30 қыркүйек аралығында жүзеге асырылады. Іс-шараның мақсаты – аз қамтылған және көп балалы отбасылардан шыққан оқушыларға, жетім, жартылай жетім балаларға сондай-ақ, ата - анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға жаңа оқу жылының басталуына дайындық кезінде материалдық қолдау көрсету және әлеуметтік себептер бойынша балалардың мектепке бармауының алдын алу үшін көмек көрсету.

Бүгінгі таңда 20 оқушыға демеушілер тарапынан көмек көрсетілді. Оқушыларға демеушілік болып, қолдау көрсеткендердің басым көпшілігі – мектеп мұғалімдері. Қайырымдылық жасап демеушілік көрсеткен әрбір азаматқа мектеп әкімшілігі тарапынан алғыс білдіреміз.

Бұл акция әлі де 30-қыркүйекке дейін жалғасады, сізде өз үлесіңізді қосуға асығыңыз!

Жанар АБАЙДИЛЬДИНОВА,
«Қызылағаш негізгі орта мектебі, мектепке дейінгі шағын орталығымен» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары.

"АУЫЛ" партиясы Саяси кеңесінің атом электр станциясы құрылысы бойынша жалпыхалықтық референдум өткізуге байланысты Қазақстан халқына және партия мүшелеріне ҮНДЕУІ

Қадірлі қазақстандықтар!
Құрметті партияластар!

Әлемдік экономиканың қазіргі жағдайы, халықаралық нарықтардағы қатаң бәсекелестіктің артуы, геосаяси текетірестің күшеюі әрбір мемлекетке энергетикалық қауіпсіздік мәселелеріне баса көңіл бөлуді талап етеді. Бәсекеге қабілетті, әрі сапалы өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру отандық энергетиканы қарқынды дамыту қажеттілігін туындатып отыр.

Елімізде дәстүрлі және дәстүрлі емес көздерден энергия өндірудің өзіндік проблемалары бар екені белгілі. Мысалы, соңғы кездері су тапшылығының артуы бізді су электр энергиясын өндірудің болашағына күмәнмен қарауға мәжбүрлейді. Мұнай мен газ қорлары да шексіз емес. Сондықтан мұнай, газ қорларына негізделген ұзақ мерзімді пайдаланылатын энергетикалық жобаларды жоспарлау мүмкін емес.

Көмір отынын пайдалану қазірдің өзінде күрделі экологиялық мәселелерді туындатуда. Аталмыш экологиялық мәселелердің ең бастысы – құрғақшылыққа, шөлейттенуге және ауыл шаруашылығы өнімдерінің үлесін айтарлықтай жоғалтуға алып келетін жаһандық климаттың өзгеруі.

Қазақстанда күн және жел энергиясы секілді дәстүрлі емес қуат көздерінің айтарлықтай әлеуеті бар. Алайда, мұның да энергия қорларын жинақтау және тұрақтандыру сияқты технологиялық мәселелердің шешілмеуі салдарынан көмір мен көмірсутектерді толықтай алмастыра алмайтыны белгілі болып отыр. Еліміз қазірдің өзінде электр қуатының тапшылығын сезінуде және оны айтарлықтай көлемде импорттауға мәжбүр. Электр қуатының тапшылығы орын алғанда оны ең алдымен ауылдар мен ауыл шаруашылығы саласы өткір сезінетінін кезінде жарықсыз қалған ауылдардың мысалынан жақсы білеміз. Қазіргі таңда атом электр станциялары әлемдегі көптеген елдер үшін ең тұрақты энергия көздерінің бір болып отыр.

Мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаев 2023 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауында атом электр станциясын салу немесе салудан бас тарту еліміздің болашағына қатысты аса маңызды мәселе екенін атап өтіп, оны жалпыұлттық референдумда шешуді ұсынды. Өз кезегінде «Ауыл» Партиясы Қазақстанның экологиялық және энергетикалық қауіпсіздігі, сондай-ақ, келер ұрпақтың болашағы үшін қабылданатын шешімнің маңыздылығын ескере отырып, әрбір қазақстандықты референдумда өз көзқарасын білдіріп, атом электр станциясын салуды қолдауға шақырады.

Үндеу «Ауыл» Партиясы Саяси кеңесінің 2024 жылғы 27 тамыздағы отырысында қабылданды. Астана қ.

● МАМАН КЕҢЕСІ

МЕНИНГИТ

Менингококты инфекция - түрлі клиникалық көріністермен сипатталатын жіті бактериалды инфекциялық ауру. Сырқаттанушылықтың бірнеше түрлері бар: менингококты жұқпа – қоздырғышы тек Neisseria meningitidis бактериясы, серозды - әртүрлі вирустармен және ірінді менингит - бактериялармен шақырылады.

Инфекция көзі ауру адам немесе бактерия тасымалдаушы. Көбінесе қауіпті бактерия тасымалдаушылар, оларда организмдерінде микробтар бар, олар өздері ауырмай, айналасындағыларын жұқтырумен қауіпті.

Менингококты жұқпа барлық жерде, бүкіл әлемде кездеседі. Менингитпен әртүрлі жастағы адамдар ауырады. Көбінесе сырқаттану жас ерекшелігіне емес, адам ағзасына байланысты. Мысалы, шала туылған балаларға (олар өте әлсіз болғандықтан) менингит өте қауіпті. Сонымен қатар жиі ауыратын, орталық жүйке жүйесі зақымданғандар, басының немесе арқасының травмасы бар адамдар. Жалпы сырқаттануға әсер ететін факторлардың қатары көп.

Жұқпаның берілу жолы – ауа-тамшылы (жөтелгенде, түшкіргенде, сөйлегенде). Менингококк қоздырғышы сыртқы ортада төзімсіз. Микроб сау адамның ағзасына науқас адам немесе тасымалдаушымен ұзақ уақыт бойы қарым – қатынаста болғанда, тыныс алу жолдарының шырышты қабаттары арқылы енеді (жанында ұйықтағанда, бірге тамақтанғанда, оқығанда, тәрбиеленгенде). Сырқат жұққан сәттен бастап 1-10 күн аралығында пайда болады. Сырқаттанған адам қоршаған адамдарға бірінші күннен бас-тап қауіпті.

Сырқат жедел дене қызуының көтерілуімен басталып (37,5-38,0°С), бастың ауыруымен,

мұрын бітуімен, жұтыну кезінде ауру сезімімен сипатталады. Сонымен қатар, тағам қабылдаумен байланыссыз, көп реттік құсу болады. Ерте жастағы балаларда құрысулар дамиды.

Егерде иммундық жүйесі төмендеген болса, микроб ары қарай қанға өтіп, аяқта, жамбаста дененің қырында жұлдыз тәрізді, басқанда жоғалмайтын қызыл (көгерген) бөртпелер пайда болады. Ары қарай бүйректің зақымдалуымен, бас миының қабынуымен, инфекциялық токцикалық шокпен, ауыр жағдайда өліммен аяқталатын менингококты инфекцияның ең ауыр түрі - менингококты сепсис дамиды.

Сырқаттанғаннан кейін – саңыраулық, балаларда саңырау – мылқаулық, кей кезде сал ауыруы, бас миының зақымдалуы дамиды.

Жоғарыда көрсетілген белгілер пайда болған жағдайда үй жағдайында емдеу шарасымен айналыспай, сол сәтте дәрігерге медициналық көмекке жүгініп немесе жедел жәрдем көмегінің шақырту қажет. Неғұрлым білікті медициналық көмек көрсетілсе, аурудан сауығу нәтижесі тез, әрі тиімді болады.

Жас ерекшеліктеріне қарамастан науқастарды ауруханада емдейді. Емінің нәтижелігі ауруханаға уақытылы жатудың әрине ең тағайындалуына байланысты.

Алдын алу шаралары тым қарапайым болғанымен жеке бас тазалығын сақтап, қолды жуғыш заттармен мұқият жуу қажет. Жиі таза ауада серуендеп, адамдар көп жиналатын орындарға: сауда, ойын-сауық кешендері мен мәдени-көпшілік шараларға баруды шектеу Маңызды!

Б.ТЕМІРХАНОВ,
аудандық санитариялық - эпидемиологиялық бақылау басқармасы басшысы.

ҰСТАЗДАР ДИНАСТИЯСЫ

Абай атамиз бір ғасырдан аса уақыт бұрын: «Адамның адамшылығы жақсы ұстаздан», - деген сөзінен ұрпақ тәрбиесіндегі ұстаздың ерекше орын алатынын аңғару қиын емес. Иә, ұстаз – барлық білім беру жүйесінің негізі, жаны мен жүрегі, ұстаз еңбегі ең қадірлі ең мерейлі және аса жауапты мамандық. Міне осы білім саласында еңбек етіп, ұстаздық жолды жалғастыратын ұстаздар династиясы біздің ауданда да бар.

Солардың бірі осыдан 30 жыл бұрын өмірден өткен Омаров Кеңсаба ағамыз және ұрпақтары. Кеңсаба ағамыздың жары Мәстүра апамыз да ұстаз болған.

Бүгінде ұрпақтары еске алып, ертең, яғни, 31 тамызда ата – аналарына арнап ас бермекші. Осы еске алу қарсаңында қызы Ғалия Кеңсабақызы арнайы редакциямызға келіп жолығып, маған ата – анасы туралы мақала жазуымды сұраған. Ол кісілерді өзім көзбен көрмегендіктен, алдымен осы ұстаздар династиясының басы болған Кеңсаба ағамыз бен Мәстүра апамыз жайлы деректер іздедім. Ол кісілер тек қана мектепте оқушыларға сабақ беретін ұстаздар ғана емес біздің редакциямыздың алды болған біздің ұстаздарымыздың да ұстазы болған екен. Оның дәлелі өткен аптада жарияланған газетіміздің бұрынғы редакторы, ұстазымыз Дүйсен Мұхаметшарұлының материалы. Осы мақалада айтылмаған бір дерек – Кеңсаба ағамыз ұстаздықтан бөлек ауданға көп еңбегі сіңген атпал азамат болғаны. Өзінің өмірінің соңында Кеңсаба Омаров ақын ақын Илияс Жансүгіровтің туғанына 100 жыл толуы торқалы тойы қарсаңында арнайы Ақсу ауылында ақынға арнап музей ашып, осы музейдің тұңғыш директоры болыпты. Мұражайдың қалыптасуына, мұрағаттардың жинақталуына Ақсу өлкесіне белгілі ұстаз, алғашқы директоры Кеңсаба Омаровтың көп еңбегі сіңіпті. Ол кісі туралы Қазақстан

Жазушылар Одағының мүшелері жазушы Шөкен Күмісбаев, Қазақстанның белгілі ақыны Тұрсынзада Есімжанов, Қазақстан Журналистер одағының мүшелері Мұхаметәлі Найманқанұлы, Тілеухан Есеболатов, Хасен Көптілеуов, белгілі ақын Жамау Бұхарбай, Дүйсен Мұхаметшаров, ақын Берлібек Аманбаевтар түгел ұстаз санап, барлығы да бір – бір мақала, эссе, өлең – очерктер жазған екен. Барлығы да Кеңсаба ағамыздың сан қырлы еңбектері мен ұстаздық образын айшықтаған екен.

Осы ұстаздарымның жазғандарын оқып шығып, осы уақытқа дейін қаншама мақала жазсам да осы кісілерден кейін жазарман қолым жүрмей, кейіпкерім туралы толғану тұрғысында кібірткітеп, Кеңсаба ағамыз жайлы кең көсіле алмай, асқақ жаратылысты айшықтауға дәрменім жетпей, қалам сиясы сұйық тарта берді. Себебін өзім де түсіне алмадым. Ағамыз бен апамыз жайлы дерек жеткілікті болса да ұстаздарымнан асып кетуге күшім жетпегендей сезімге салына бердім.

Рас, кейде адам баласы тұрғысында, оның адамгершілігі, өмірлік ұстанымы немесе шығармасы хақында ой қозғадан асқан мекхнатты дүние жоқтай көрінді. Өйткені, адам ғұмырын тұтас сипаттап, оның әрбір шығармасын жеріне жеткізе дәріптеп шығу мүмкін емес екен. Өзің көзбен көрмеген адамның өз кезегінде жақсылы - жаман ісін, сөзін, пайымын, әңгімесін, мінезін де тағдырының өлшемімен, замандастарының пікірімен үндестіре алуға тиіссің.

Кеңсаба Омаровтың отбасын жұрт мақала тақырыбы мен жоғарыда айтқанымыздай «Ұстаздар әулеті» деп мақтан етеді. Олай айтуға жөні де бар. Екеуі тәрбиелеген 8 баланың алтауы ұстаз мамандығын таңдаған. Сүйікті жұбайы Мәстүра Мекетаева 40 жыл бойы математика - физи-

ка пәндерінен шәкірттерге терең білім берді. Мәстүра апайға ақын Жамау Бұхарбай «Шәкірт ойы» атты өлең - очеркін 1982 жылы



апамыздың 50 жасқа толғанында: Шаттық та кештің, жүдедің, Күндерің септі гүл - егін. Ақсуға әкеп ойнаттың. Жайықтың жылы жүрегін, - деп шабыттана жырға қосыпты. Осы өлеңде біз танитын, ұстаз санайтын Ғалия мен Әлия Кеңсаба қыздары туралы да: Туласа - дағы теңіздер, Қиналса және сені іздер. Ұлағат айтар тұңғышың, Ұстаз боп жүрген егіздер, - деп суреттейді. Иә Ғалия Кеңсабақызы ұстаздықтан кейін аудандық білім бөлімінде сектор меңгерушісі болып талай жыл абыройлы еңбек етіп, сол білім саласынан зейнетке шықты. Ал, қазір өзінің жайдары мінезімен, әппақ көңілімен жақсы дос болып кеткен Мәншүк Кеңсабақызы кәдімгі оқушылардан бөлек аудандық әлеуметтік бағдарламалар бөлімінде үйден оқитын мүмкіндігі шектеулі балалармен жұмыс жасайтын бөлімнің басшысы, ол да ұстаз.

Ендеше, сөзімді қорыта келгенде ата – анасын еске алып, ас бергелі жатқан ұрпақтарының сұрауы бойынша анасы Мәстүра апамызға арнаған Жамау ағамыздың өлеңінің толық нұсқасын оқырман назарына тағы да ұсынғалы отырмыз. Сіздер де еске алып, оқи отырыңыздар.

Ербол СЫМХАНОВ.

Шәкірт ойы

Мәстүра Мекетаеваға

(Өлең - очерк)

Мектепте, дулы класта, Жайықтай шалқып, рас па, Ой салып Тұрсынзадаға, Жыр ектің марқұм Құдашқа Жылылау еді нұрың да, Сәуле еміп қызың - ұлың да Басшы да бердің совхозға «Батпан» да бердің, ғылымға.

Іргесі гүлді кең елде, Алға бас, тәте бөгелме. Жігітті костың өмірге Күлікті костың өнерге, Жаңғыртып жырмен санасын, Ақсудың талай задасын, Салмақтап берген ұстазсың, Ардақтап берген анасың. Күмбірлей соққан кеуденді, Көрмесем - дағы орденді, Ұстаз боп өткен отыз жыл Әмірге он мың том берді. Он мың том, он мың жыр кетті, Нұр септі қырға, гүл де екті. Өзегі болды бөрінің Өзіндей ана - бір текті

Сондықтан, анам, шаттан да, Берсеңші ерік мақтанға. Мектепке келіп сөз сөйле, Педсовет ашып жатқанда. Сөзінді ешкім бөлмейді, Ұрсып та кейде кел, мейлі, Әйтпесе арыз жазғыштар Білімнен кейбір, бұлдаған. Мектепке тыным бермейді, Сылдырлау шықса бір балаң, Педсовет кір де, бетке бас. Коридор жақта тұрма, анам. Жайлырақ орын таңдаған, Жауынды көрсең тамбаған Азамат ардың міндетін, Ұялты еске сал да, анам. Күндерден күлкі ұрлаған, Ойсыздың сырын тыңдаған, Түтігіп кел де, тезге сал, Тойының кетсе бір балаң.

Жастарға солай болыс, кел Босап та жатыр көп істер Қартымен жайсаң, мектептер. Серкемен сыйлы өрістер, Мектепте жылда өсер ел, «Тәтейді» қойып, кеше гөр Жаңадан келген мұғалім «Мәстүра апай» десе егер. Нұр да ектің жырға гүл де ектің Айтпаса кейде билем кім? Мақтасам таныстырғанда, Қабағың шытпа, құрметтім.

Қарайтын күліп асқарға Өнеге қажет жастарға, Өнеге үшін - оқулық Көз керек ойлы бастарға, Көрсін де сені танысын, Сәулене ойды жанысын, Жайықтың жайсаңдығын айт, Ақсудың арыстан намысын,

Келмейді көңіл қайтарғым, Мақтаса басты шайқар кім? Мақтансыз үлгі болмайды, Мақтасам – үлгі айтармын. Көз майы сенде, тер сенде Мектепке келсең - төр сенде. Біз үшін әйбат тәтейсің Жүз елу жасқа келсең де.

Жамау БҰХАРБАЕВ.

ДЕПАРТАМЕНТПЕН ҚЫЗМЕТ АЛУШЫЛАРДЫҢ БҰЗЫЛҒАН ҚҰҚЫҚТАРЫ ҚАЛПЫНА КЕЛТІРІЛДІ

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Жетісу облысы бойынша департаменті қызметінің басым бағыттарының бірі мемлекеттік қызметтерді алу кезінде азаматтардың құқықтарын қорғау болып табылады.

Департаментпен «Е-лицензиялау» мемлекеттік қызметтерді көрсету порталы арқылы қашықтан байқау жүргізу барысында көрсетілетін мемлекеттік қызметтің тәртібін бұза отырып қызмет көрсету, яғни қызмет алушылардың өтініштерін уақытылы тіркелмеуі түріндегі фактілер анықталды.

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2020 жылғы 27 наурыздағы №254 Бұйрығымен бекітілген «Жеке тұлғаларға азаматтық қару мен оның патрондарын сақтауға, сақтау мен алып жүруге рұқсаттар беру» мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларының 5 тарамағына сәйкес, көрсетілетін қызметті беруші құжаттар келіп түскен күні оларды қабылдауды және тіркеуді жүзеге асырады.

Алайда, қашықтан байқау нәтижесінде Көксу, Қаратал, Сарқан және Ақсу аудандарының поли-

ция бөлімдерімен көрсетілетін мемлекеттік қызметтің тәртібін бұза отырып қызмет көрсету жөнінде – 11 ұқсас бұзушылыққа жол берілгендігі анықталды (оның ішінде: Көксу – 1, Қаратал – 2, Ақсу АПБ – 4, Сарқан АПБ – 4).

Аталған бұзушылықтар бойынша Жетісу облысы Полиция департаменті басшысының атына тиісті хат жолданды және оны қарау қорытындысы бойынша көрсетілетін қызметті алушылардың өтініштері тіркеліп, қызмет алушылардың бұзылған құқықтары қалпына келтірілді.

Айта кету керек, жыл басынан бері ғана Департаментпен жүргізілген қашықтан байқау барысында мемлекеттік қызметтерді көрсетуде заңнаманы бұзудың 230 фактісі анықталған.

Анықталған бұзушылықтардың басым көпшілігі мемлекеттік қызметтерді көрсетудің тәртібін бұзу болып табылады, оның ішінде қызмет алушылардың өтініштерін уақытылы тіркемеу және құжаттар топтамасы толық болмаған жағдайда бас тарту мерзімдерін бұзу.

Қайырымдылық жасау – жақсы бастама

Қазақ халқы ежелден «Қайырымдылық жасаған қайырын өзің көресің», - деген аталы сөздің қадірі мен қасиетін толық ұғынып, өзінің шын ықылас пейілі мен даладай дарқандығын көрсетіп келе жатқаны барша көзі қарақты жұртқа мәлім.

2024-2025 оқу жылына дайындық жұмыстары аясында еліміз бойынша бір уақытта дәстүрлі түрде өтетін «Мектепке жол» акциясын ұйымдастыру жұмыстары қолға алынды. Акцияның мақсаты: жаңа оқу жылына дайындық уақытында аз қамтамасыз етілген және көп балалы отбасылардан шыққан оқушыларға қолдау көрсету, баланың әлеуметтік себептерімен мектепке келмей қалуының алдын алу, жетім балаларға, ата – анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға, көп балалы, тұрмыс жағдайы төмен отба-



сыларына нақты көмек көрсету болып табылады. Осы аталған акция аясында сөз қозғар болсақ, «Шын мәнінде, амалдар ниетке байланысты. Расында адамға ниет еткені тиесілі», - деген тағылы мол хадистың астарлы мәні осыған сай келетіні анық. Жақсы ниет жақсылыққа жетелейдінің айқын куәсі ретінде мектебіміздің 19 оқушысына жаны жайсаң жақсы адамдар жан - жақтан қолдау көрсетіп, қажетті құралдармен қамтамасыз етуде.

Біздің жүргізіп жатқан акциямызға өз үлестерін қосып, демеушілік жасаған ауылдық әкімшілік ұжымы, ауылдық амбулатория, ауылдық клуб қызметкерлері, ауылдық ветеринарлық амбулатория ұжымы, мектеп ұжымы, «Гүлдер» дүкені, «Қызылтоған», «Оспанбек», «Жолбарыс соққан», «Сымағұл» шаруа қожалықтары өз көмектерін ұсынуда. Білім алушылардың алаңсыз мектепке баруына өз қолдауын жасаған ұжымдар мен шаруа қожалықтарына өз алғысымызды айтамыз. Аталмыш акция 30 қыркүйекке дейін өз жалғасын таба бермек. Жақсылық жасап жарысайық жақсы адамдар деген ізгі ниетімізді білдіреміз.

Т.РЫСХАН,
І.Жансүгіров атындағы орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі.

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ЖОЛ ЖОҚ

Сыбайлас жемқорлық - заман ағысымен бірге өсіп - өркендеп, мол қаражат және қоғамдық бәсекелестік пайда болған жерлерге тамырын жайып, бүгінгі күнге дейін жойылмай отырған кеселдің бірі.

Сыбайлас жемқорлық әрекеттері бойынша тиісті шара қолданудың негізі - ол азаматтардың арыз - шағымы. Мемлекетіміздің әрбір азаматы Қазақстан Республикасының Конституциясының және заңдарын сақтауға, басқа адмдардың құқықтарын, бостандықтарын, абыройы мен қадір - қасиетін құрметтеуге міндетті.

Еліміздің өркениетін дамытқысы келетін, өз ортасын құрметтейтін әрбір азамат мемлекеттің ішіндегі тәртіпті белгілі бір жүйеге келтіруге, ел ішіндегі қауіпсіздікті қамтамасыз етуге мүдделі және



оның алдындағы баситы парызы. Қоғаммен бірге өркендеп, етек жайып, етене сіңісіп келе жатқан бұл кеселдің төрнен құлаш жаймауына өз үлесімізді қосу және оған тосқауыл болу - біздің басты міндетіміз.

М.МАХМУТҚЫЗЫ,
«Ақын Сара» атындағы мәдениет үйінің операторы.

(Жалғасы. Басы өткен санда).

Қолындағы қаруы – домбырасын халықтың арманы, игілігі жолында кезі жұмылғанша жұмсауға серт береді. Көп ұзамай бұл жолда қимылдың басын бастайды. Көптен ойлап келген күй шығару мақсатын енді іске асыруға кіріседі.

Құрманғазының бірінші тырнақалды күйлерінің бірі – «Кішкентай» отызыншы жылдардың аяқ кезінде шығады. Охаб Қабиғожинның айтуы бойынша, Құрманғазы бұл күйді «кішкене інісінің үлкен ағасы – Исатайға арнауы» депті. Сондықтан күй «Кішкентай» атанып кетсе керек. Өйткені күйдің сырттай көлемі де, мазмұндық тереңдігі де, техникалық дәрежесі де, шыныққан формалық қалыптасуы да шын мәнісіндегі кішкентай шығармаға жатпайды. Күйдің музыкалық жақтан піскендігін алып қарасақ ол, тіпті, Құрманғазының екінші, үшінші творчестволық кезеңдеріне жатып та қалады. Әрине, халық композиторларының қайсысының болса да өз қолдарымен жазып қалдырған хронологиялық күй тәртібі болмағасын жалғыз дерек – ауызша айтқандарға келіп тоқыраймыз. Сондықтан біздің «творчестволық дәуірлері» дегеніміздің өзі де жорамал ғана.

Күйдің эпиграфы есебінде Құрманғазының берегіректе шығарып, өзі айтып жүретін толғауының:

«Исатай мен Махамбет,

Өкіне ме екен «өлдi» деп!» – деген екі жолын алуға болады. Осы екі жол өлең күйдің программа - мазмұнын күні бүрین баяндап тұрған сияқты. Аспай - сұспай, жұмсақ қағыспен, баяулап қана, тек домбыраның үстіңгі ішегінде (екінші дауыста) басталатын жалғыз дауысты «кіріспе» – іште жатқан шер, терең қиял теңізінің толқуын бергендей. Мелодия сол бір ішекті қуа жоғары қарай өрлейді, аққан судай бұралып, ирендейді. Аздан соң кейін қайтып, одан әрі көтерілуге шамасы келмей әлсірегендей, баспалдақтап төмен түседі. Бұл «кіріспе» мелодияның сырт түрі жыршылардың кей кезде сөзсіз, тек ыыл арқылы келетін сазды қайырмаларына ұқсайды.

Ал, мазмұндық жағы күйдің негізгі контекстінде суреттелгілі тұрған үлкен оқиғадан, алдын ала қысқаша хабар беріп тұрғандай. Батылырақ айтсақ, осы бір «кіріспе» музыка тілімен айтылған авторлық ремарк та сияқты. Бір жағынан бұл «кіріспе» – күйдің жалпы ырғақтық, үндік негізіне де жол ашып, әдебиет тілімен айтқанда «алғы сөз» ролінде атқарады дер едік.

Күйдің негізгі контексті басталғанда «кіріспедегі» терең ой, қиял дүниесі бұрынғыдан да толқу, дами түседі, жаңа бір кейіптің ұшқыны жылтылдайды. Одан кейінгі буындарында баяу толқу, қобалжу кезеңдерімен кезектесе белсенді күрестің, драманың элементтері көрінеді. Күйдің екпіні жүрдектеліп, музыканың сазы бұрынғыдан көрі қатая, ширай түседі: бастағы минор кейіпті буындар орнына енді мажор сазды дыбыстар келеді.

Домбыраның сағасына қарай жылжығанда екпін бұрынғыдан недәуір шапшаңдап, қағыстар қатайып, күйде шын мәнісінде тынышсыздық, талас-тартыс, айқас суреттері алдына келеді.

Домбырашы бұл арада Құрманғазы дәстүрінің орындаушылық түйінін пайдаланып, оң қолдың шынтағын көтеріп қойып, домбыраны біраз дүрліктіріп алады. Күйдің аяғында музыка кейіп тағы өзгереді. Бастағы шер, терең ой, қиялға қайта оралады. Поэзия тілімен айтсақ, ақын Шернияздың: «Сағынан ауызға алсам Исатайды» деген аңсауының әуені бардай. Осы бір сурет күйдің соңғы буынында біраз созылып, ақыры кішкене «кода» (музыкалық эпиллог) арқылы күй аяқталады.

Ең алғашқы шығармаларының бірін Құрманғазының бұл сияқты оқиғаға арнауы кездейсоқ нәрсе емес. Мұның үлкен тарихтық, қоғамдық астары, себебі бар. Құрманғазы азап шарасын бала жасынан ернегінен асыра ішіп келді. Туысы да, өсу жолы да талас - тартыс, қоғамдық қайшылық ортасында болды. Жерге шырылдап түскеннен бастап емшек сүтіне жарымау тек табиғи көрініс емес, өмір мен күйші ортасындағы «кім жеңеді» деген күрестің символы сияқты болды. Тіпті, сол жөргегінен басталған өмір сүру күресін былай қойғанда Құрманғазының домбыраға келу жолында да, осы кездің тілімен айтқанда «себіліп жатқан гүлді» ешкім көрген жоқ - ты. Сағырбай мен Алқаның арасында басталған «от басы, ошақ қасы» әңгіме Құрманғазының музыкалық болашағы үшін «кішкене шеңбердегі» таластың басы еді.

Қойшылық таяқты ақауызмалтыққа, тасқорылдақты домбыраға біржолата ауыстыру жолына да Құрманғазы үлкен талас, күрес арқылы келді. Құрманғазының

екінші рет дүниеге келтіріп, «күйші» деп атандыруы атасының аты да күрес болатын. Міне, қолындағы қаруы – домбырасын ауыр азап шеккен халқының арманы жолында жұмсауға әрдайым аңсап келген Құрманғазы сол халықтың игі арманы үшін қаза тапқан, халық санасынан өшпестей орын алған ерлердің ескерткішін екі ішектің үні арқылы болса да кейінгіге қалдыруды өзінің өмір программасының бір тарауы деп түсінді.

Сөйтіп, Құрманғазы өзінің күй шығару

осы бір күйді шығарған болу керек дейміз.

Әңгіме болып отырған алғашқы дәуіріне жататын күйінің бірі – «Ұзақ - Ақжелең». Дина бір әңгімесінде: «Ұзақ асқан орындаушы болды, бірақ өз жанынан күй шығарған емес, мына Ақжелең Құрекеңнің Ұзақ ұстазына арнап шығарған өз күйі» деген болатын. Күйдің жалпы кескіні, орындау сазы Құрманғазы күйлеріне келеді.

«Ұзақ - Ақжелең» – жалпы осы қалыпты күйлерге ортақ қасиеті бар жүрдек, көңілді, көркем күй. Бұған шейінгі баяндап келген

Құрманғазы

қадамын осылай бастады, творчестволық қанатын осы айтылғандай қоғамдық үлкен мәні бар оқиғаны суреттеу бағытына қарай қақты. Ал Құрманғазының творчестволық «ауыздануында» Исатай көтерілісі идеялық нысана, байрақ болды.

Жоғарыда айтылғандай Құрманғазы күйлерінің хронологиялық тәртібі қағазға түспеген соң дәлме - дәл келтіруге келмейді. Алайда, шәкірттерінің, күйшіні көре қалған қарттардың айтулары бойынша, осы бір кезеңге жататын күйінің бірі – «Балбырауын» болса керек. Қазақтың аспап музыкасы қорында «Балбырауын» атты күй көп кездеседі. Тек домбырада емес, бұл аттас күйлер қобызда да, сыбызғыда да бар. Екіншіден, «Балбырауын» күйлері Қазақстанның қай жерінде кездессе де, қандай аспапта орындалса да көңілді, шабытты, ырғағы жеңіл болып келеді. Әрине, Құрманғазының «Балбырауыны» бұл айтқан «Балбырауындарға» қай жағынан болғанда да барабар келмейді. Музыкалық тереңдік, техникалық даму, формалық қалыптасу, динамикалық күш жағынан теңдесі жоқ деуге болады.

«Балбырауынның» осы күнгі халық арасына тарап кеткен вариантын бірінші рет бізге орындап берген – Охаб Қабиғожинның айтуынша, бұл күй ауыл жастарының ойын - сауығына арналған болса керек. Күйдің музыкалық кейпіне қарағанда, онда бидің негізі де бар сияқты. Жоғарыда ескертілген әңгімесінде Н.Савичев: «Құрманғазы қазақтың ерте кездегі биін тартты» (би күйіне деген мағынада. – А.Ж.) дейді.

Басталғандағы бірнеше «бос қағыс» – күйдің ырғақтық негізін қалаумен қатар, шығарманың динамикалық болашағынан да хабар береді. Екіншіден, осы бір қағыстарды күйдің «заставкасы» деуге де болар еді. Аласұрған екпіннің лебі, лаулаған жалындай характердің бастамасы салған жерден күйге көтеріңкілік, ойнақылық кейіп береді. Күйдің негізгі «кеудесінде» осы айтылған кейіп бір мезет те суымай, үнемі қызғындықпен өтіп отырады.

Шығарманың тақырыптары («Балбырауын» бір тақырыпты күй емес. – А.Ж.) күйдің буын - буындарында екі ішекте алма - кезек өтіп отырады. Ал, музыка бір жерде тұрып алғанның өзінде де динамика арқылы бастағы қызғын күш еш уақытта әлсіремейді.

Кейде сағадан шыпыртып кейін шыққанда көз алдына жүгіріс суреті келеді. Образдық жағынан шынында да ауыл жастарының ойыны: ақсүйек пе, зығыран ба, итқұйрық па, әйтеуір, талас, жүгіріс, жарыс суреттері бар сияқты. Күйдің музыкасын тындап, программасын есітпей тұрып, өз болжамымен жазған суретші Молдахмет Кенбаевтің «Балбырауын» атты суретін көргенде күйдің барлық «әңгімесі» алдыңызға келеді.

«Балбырауын» күйінің ырғағында, жалпы музыкалық кейпінде ойын - сауықтың, бидің элементтері бар деген пікірімізге қайта оралып, күйдің ырғақ икемдігін (Охаб Қабиғожин күйдің сағасынан соңғы рет шыққанында өлшеуін өзгертетін уақыты да болатын. Бірақ ол өзгерісті кейін «өзім қосып едім» деп, біркелкі ырғақтың өзі ұнап, бұрынғысынша тартпай қойған. – А.Ж.), лаулаған жалындай екпіннің өзі уайым - қайғыға, заманының ауыр азабына беріле қоймайтын жас жандардың сауық - сайрандарын, у - шуларын көрсеткендей. Кім біледі, тіпті, осы ойынның бел ортасында, сол кештің ұйтқысының бірі болып Құрманғазының өзі де жүрмеді ме екен деп те ойлайсың. Қалайда, «Балбырауын» – жігерлі, өмір жыры жырлайтын, көктем желіндей көңілді, оптимистік шығарма. Исатай көтерілісінің басылған кезеңінде қынжылу нәтижесінде туған «Кішкентайдан» кейін күйші уайым теңізіне бата бермей, онсыз да еңсесі басылып, шаршап отырған халқының көңілін делбегендей, болашақтың үмітсіз емес екенін күй тілімен айтып бергісі келгендей

екі күйден мұның үлкен айырмасы бар. Ол «Ұзақ - Ақжелеңнің» іліп - қағып орындалуында. Бұл сияқты орындау түрі күйге жеңіл ырғақтылық кейіп береді. Әсіресе, күйді бізге алып келіп берген Динаның өзі орындағанда, адамның ақылы жетпейтін бір техникалық қиындықтар, көптеген дыбыс бояулары шығатын.

Күйдің ауызда жүрген белгілі программа-сы жоқ. Музыкасының әуеніне қарағанда бұл күй белгілі бір шабыт келген кездің «көңіл күйі» болу керек. Құрылысы еркін түрде (импровизациялық түрде деген мәнде. – А.Ж.) буынан буынға көшуі де үнемі біртіндемей секіру арқылы болып отырады. Мүмкін, Динаның орындауына тән осылай болып бізге келіп, ал баста өзгешерек болуы да ғажап емес. Өзін біржолата күй жолына бұруға бірінші себеп болған Ұзаққа деген шәкіртінің «Рахмет - күйі» деуге де болар еді.

Құрманғазының, осы бір шамаға соғатын күйінің бірі – «Бас - Ақжелең». Бұл күйді бізге орындап берген республиканың белгілі домбырашысы Мұрат Әскембаевтың айтуынша, осы ғасырдың бас кезінде сонау Хиуада болған қазақ, өзбек, түрікпендердің үлкен бір мәжілісінде көптеген күйші, дутаршылардың жарыс - тартыстары болады. Сонда осы «Бас - Ақжелеңді» Құрманғазының жас шағында шығарған күйі екен деп Лекер деген домбырашы тартса керек.

Мұраттың әкесі Әскембай сол арада күйді үйреніп алады да кейін Мұрат үйренеді. Әскембай арқылы «Бас - Ақжелең» Маңғыстауға тарап кетеді. Бұл «Бас - Ақжелеңнің» де белгілі программа-сы жоқ, қандай жағдайда шыққаны жөнінде де ешбір дерек жоқ.

Құрманғазының осы творчестволық кезеңінің аяқ жағына жататын күйлерінің бірі көпке аты белгілі – «Адай». Бұл күйдің шығуы жайлы ел аузында әлденеше түрлі аңыз бар. Олардың бәрін бірдей қайталап жатпай, қайталай беретін екі вариантты әңгімені оқушылар алдына тартқымыз келеді.

«Құрманғазы жолаушылап келе жатып бір Адайдың (бұл арада ру аты) үйіне түседі. Үй ішінде шал мен кемпір болады. Қай жерден, қай елден келе жатқанын, толық аты - жөнін Құрманғазы ашық айтып бере қоймай, қазақ әдетіндегі «сүйрей салмамен» жүрген жерінің иттен - құстан амандығын, басқа қалды - салдының естілмегенін, ат - келігінің аман екендігін, «құдайы қонақ» екендігін айтумен тоқталады. Бір кезек үй иелері шаруалары болып, далаға шығып кетеді. Осы кезде Құрманғазының көзі керегенің басында ілулі тұрған үкілі сары домбыраға түседі. Домбыраның үкісі – оның иесінің не қыз, не сал мен серінің бүрі екенін ескертеді. Қаншама ұзақ жол жүріп шаршап келгенімен, домбыраны көргесін, оны ұстап қарағысы келіп, қолына алып, бір - екі қағып, әдейі «теріс бұрап» (қазақта квинта бұрауды осылай дейді. – А.Ж.), қайтадан бұрынғы орнына іліп қояды. Біраз уақыт өткеннен кейін кемпір мен шал, он жеті - он сегіз шамасындағы қыз кіреді. Қыздың аты Ақмандай екен. Ол келісімен - ақ, терде отырған қонаққа кезінің қырын да салмай, бірден керегенің басындағы домбырасын алып, тартуға айналады. Бір - екі қаққасын - ақ, домбырасының бұрауының өзгергенін сезіп:

– Мынаған кім тиген? – деп, еке-шешесіне қарайды. Олар не дерін білмей, «жазықты осы болар-ау!» дегендей, тер алдындағы күйшіге қарайды. Ақмандай енді қайталап сұрамай, домбырасын бұрынғы өз бұрауына түсіріп, бір күйге кірісіп кетеді. Ақмандай күйдің аяғына шыққан кезде, Құрманғазы қызға қарап:

– Шырағым, күйдің шоғын тартпай, боғын тарттың ғой! Домбыраны бері берші! – дейді.

Күтпеген жерден мұндай әңгіме есіткен Ақмандай, екі көзі күйшіде болып, домбырасын Құрманғазыға қалай ұсынғанын

сезбей де қалады. Кемпір мен шал аңтаң болып, бұл өреде Ақмандайдың домбыра тартысы жөнінде ешкім бір ауыз сөз айтып көрген жоқ еді, бұл «жер астынан екі құлағы тік шыққан қандай жік» екен дегендей, біріне - бірі қарай береді.

Құрманғазы бір күйді тартып болған кезде, үй адамдары біріне - бірі сыбырлап, бұрын - сонды бұл айналада Ақмандайды домбырадан сүріндірмей келгендерден емес - ау, тартыс шоқтығы тым биік екен дегендей, бір жағынан жұмбақ қонақты шырамытқандай, баяғы ашудан тыс жылы шыраймен күле қарап:

– Шырағым, домбыра тартысың біздің бұл араның тартысына ұқсамайды. Қызылқұрт Құрманғазы деген бар деп еді, сен соның өзі емеспісің, «аяқ алысың» әлей екен тым, – дейді.

Құрманғазы мұртынан күліп:

– Болсақ, болармыз, – деген екен.

Енді үй іші болып қолқалап, Құрманғазыға қайтадан домбыра тарттырып, бірнеше күн жатқызып қонақ етіп, сый - құрметпен аттандырады.

Сондағы қыздың тартқан күйі «Адай» да, Құрманғазының тартқаны «Серпер» күйі екен дейді.

Бұл әңгімені 1937 жылдың күзінде Алматыға бірінші келгенінде марқұм Дина айтқан болатын. Ал осы кезде граммофон пластинкасында жазылып (пластинкаға орындап берген Лұқпан Мұхитов. – А.Ж.), халық арасына кең тарап кеткен «Адай» күйін бірінші бізге орындап, оркестрге берген домбырашы Қали Жантілеуов күйдің қандай жағдайда шыққаны жөнінде дәлдеп еш нәрсе айтқан жоқ. Жоғарыда аты аталған Охаб Қабиғожин болса, ол: «Адай» Құрманғазы күйі. Ақмандай тартқан емес, Адай қызымен кездесу үстінде шыққан күй болғасын халық арасына солай тараған болуы мүмкін», – дейтін. Шынында, Біржанның «Жанботасы», Ықыластың «Ердені» болыс пен дуан басыға жақсы көргеннен арнап шығарып, сондықтан олардың атымен аталып кеткен әндер емес, тек оқиғасы сол арада, солардың алдында болған себепті атанған әндер ғой. Біздіңше де, бұл арада Охабтың сөзінің «жаны бар» екенін ойлану қажет.

Біздің Охаб сөзіне мән беретініміз – Адай қызы Ақмандайға бір күйді қимағандық емес, «Адай» күйінің құрылысы, «тілдік» ерекшелігі, динамикалық жағы Құрманғазының «почеркіне» келеді. Ал күйдің атына қарап мәселені шеше салуға болмайтын кездер де жоқ емес. Ірі суреткерлердің көбінде болатын бір жағдай: олар қайсы уақытта бір идеяны айту үшін тарихтық, не аңыздық бір елдің, не рудың басынан өткен оқиғаны ала салады.

Сол жағдай осы күйдің атында да бар сияқты. Өйткені, Адай руы Исатай көтерілісінде кезге түскен болатын. Жоғарыда айтылған. Сағыздан келіп Исатайға қосылған қолдың ішінде адайлықтар көп болатын. Архив деректеріне қарағанда, Адай округі Ұлы Октябрь революциясына шейін Түркістан генерал - губернаторлығының ерекше бақылауында болып, «Бөгде аймақ» («Полоса отчуждения») атанып келді. Ал, осы аймақта үнемі толқу, наразылықтар болып келіп, оның аяғы 1905 - 1912 жылдар арасындағы патшашылдыққа қарсы күрестермен ұштасты. Біздіңше, Құрманғазы Адай руы атын жалпыланған ұғымда алып, еркіндік сүйген елінің қайтпас күшіне арнап шығарған болу керек. Күйдің жалпы кейіптік жағын алып қарағанда да осы айтылғандарға қарай меңзей түседі. Екінші жағынан, Құрманғазының осының алдындағы шығармаларына қарағанда «Адайда» айта қаларлықтай творчестволық жаңалықтар бар. Оларды күйдің тақырыптық дамуынан, өлшеу - ырғақтық құрылысынан, «тілінің» өткірлене түсуінен, бейнелеу күшінің қомақтала бастауынан, бір адамның немесе бір рудың басына сия қоймайтын қимыл - қадамынан, қамығу, ойлану, жай қобалжу емес, кескілескен күреске белсенде шыққан программалы идеяның қажырынан көрінеді.

«Адай» күйінің негізінде атшабыстың программалы бейнелеу ырғағы жатыр. Ондай характердің берілуі – терең идеялы ішкі мазмұндың сырттай көрінісі ғана. Жалғыз домбыраның мүмкіншілігінде бұдан әрі баратын күйшінің музыкалық қару - сайманы да болған жоқ. Еркіндік күресінің елді елеуреткен ең күшін дүрлідеген атшабыс ырғағында, бір рудың аты арқылы беру заманының сазына сай келді. Күйдің күш шеңберінің жеке адамның жан толқуынан жоғары асып кетуі – «Адайдың» үлкен планда, қоғамдық құбылысқа бағышталғанын дәлелдейтін тәртізді:

А.ЖҰБАНОВ,
академик.

(Жалғасы бар).


Қайратты туған ер болсаң,
Қамын ойла халқыңның.
Жетім менен жесірге,
Өзі бол - жүзі жарқынның.
Самалындай болып бақ,
Жаз күнгі қоңыр салқынның.
Уәдеңді екі етпе,
Кемітпейтін нарқыңның.

Абакумов Степан Михайлович – 1867 қайтыс болған. Абакумов - елді қару күшімен алдау қиялына жөндірген жан. Рухы бар болғандықтан қиялдықпен дараланып, бір беткей шыққан адам. Бір нәрсе анық, ол орыс жұртына шынайы талаптанған адам. Шектен тыс асуы түбіне жеткен - казак офицері. Қопалды орнатқан. Шені хорунжиден генералға дейін жеткен. Естествоиспытатель (табиғаттанушы), өз еркімен Жетісу табиғатын зерттеген. Абакумов Омбы әскери казак училищесін бітірген. 1 –ші Сібір казак полкінің командирі болған. 1857 жылы подполковник шенін алып, 10 полкті басқарған. 1840-44 жылдары А.Влангали, Г.Карелин, А.Шренк экспедицияларына қатысқан. Флора, фауна - құстар муляжін, минералдар жинаған. Ғалым-натуралистердің көмекшісі болған. Москва ғылым академиясының қоғамдық табиғат жақтастарының коллегтор және корреспонденті болған. 1846 жылы көктем айында өз басқарған жүздігі және алты қару пушкімен Жоңғар Алатуының Қопалы шатқалына келіп, Қопалы бекінісін орнатады. Қопалыда ол 1865 жылға дейін Қопалы уездінің бастығы болып қызмет істейді. Шоқан Уәлихановқа, П.Семеновқа, М.Венюковқа, Абрамовқа көмек жасайды. Қопал-Арасан курортын салдырып, жан-жағына бақ отырғызады. Сарқанды орнатады. Қопалы жолын салдыртады Қарасу бекетіне дейін. Алғаш рет атып қопару әдістерін қолданылады. Гасфорт асуына. Доркадион қоңызы Абакумов есімімен аталады. 1865 жылы Абакумов Семейге барып орнығады. 1867 жылы сонда қайтыс болады. Дүние деген – осы! Дүние - жалған. Жан денеге қоңақ. Ажал жетіп өлсең, көрген-баққаның сол ақ! Дүние – ешкімнің досы емес. Егер досы болса, ешкімнің қисаймас еді қосы. Дүние - бір қор қатын. Бүгін біреуге, ертең тағы біреуге тиіп жүре беретіндей.

Степан Абакумовтың Қопал уезд бастығы болып тұрғандағы Қопалдағы тұрған үйі әлі сол қалпында сақтаулы тұр. 1854 жылы 19 мамырда Семипалатинск облысы құрылғаны туралы қаулы қабылданады. Қаулыда Семипалатинск облысына: «Аяғез сыртқы округіне қарасты Жетісудың (Семиречие) Қопал әскери округі жатады», - делінеді. Қопал әскери округінің Семипалатинск облысына жатуына қол қойған басшы - полковник Степан Михайлович Абакумов.

Аткинсон жазбасы. Аткинсон – Семейден Қопалға келген сапарында табиғат пен адамдардың 560 суретін салған екен. Аткинсон 2 қыркүйек 1848 жылы әйелімен Семейден Қопал шығады. Семейден Аяғезге дейін әр станция сайын, 15 верст, жеңіл тарантасқа жегілген аттарды айырбастан отырады. Бір казак тарантасы айдап, екі казак салт атпен екі жағынан қорғаушы болып жүреді. Аяғезден Қопалға салт атқа мініп шығады. Өйткені, ол кезде арба, тарантас жүретін Аяғез бен Қопал екі арасында жол әлі түспеген еді. Яғни, тарантасқа жол әлі жоқ болатын. Бес казак жолсерік алады. Жүктерін түйге артады. Аяғез бен Қопал арасы - 328 верст. Жолай, әр ауылдан тамақтанып отырады. Лепсі суына жеткендерінше жол бойы тұшы су тапшы болады. 20-шы қыркүйекте 13 күн жол жүріп, Қопалға да жетеді. Қопалы өзені маңынан бірнеше тігілген қазақ үйлерді көреді. Олардың қасында жертеле тамдар болады. Қопал бекініс көрінісі басында осындай болды.

1846 жылы капитан Абакумов жүз казак, алты пушкі қаруымен Алатауға бекініс орнату үшін жіберіледі. Жорық сапары карта бойынша оңай болғанымен, іс жүзінде қиынға соғады. Абакумов ақыры қиындықтарды игеріп, күзде Қаратау, одан Алатауға жетеді. Арғы жағы Құлжа қаласынан үш күндік жерге барып орнайды. Қазақ пен қытайдан сақтық жасап, ылғи өзі таңдап, бұғына оңтайлы жерлермен жүреді. Алатау сайлары оған ыңғайлы болады. Тастан жер асты пана жертөле мен ат қора жасап, оны бұтақ, шөппен жасырады. Алатау сайында қыста шығады. Қыста мұнда қазақ жұрты болмайтын. Бәрі қыстауға, Балқаш көлі маңына кететұғын. Қазан айының 23 күні соққан дауыл қарашаның 4-ші күні, тоқпай жалғасады. Казактар есіктен 5 метр шыға алмайды. Қалың қар жауып, жерді басып салады. Казактар бір-біріне жол ашып, әрең қатынайды. Бүкіл ақпан айының ортасына дейін дауыл толастамай, жиі қайталанып отырады.



ҚОПАЛҒА ҚАТЫСТЫ

Абакумов жоғарғы басшылар шешімімен бекініс салатын орын іздейді. Қопалы өзені жағалауы таңдалады. Жеті жүз казакты бекініс салуға құлшындырады. Бекініс салуға ағашты 40 верст жерден, таудан тасытады. Жолы ирелең, созылмалы, қиындықтар көп болады. Ақырында жауын-шашын мен бораннан қорғанатын мекеме салынады. Ол жұмыс күзде бітеді. Осындай жағдайда Аткинсон Қопалға келеді. Оған арнап, бір қазақ үй тігіп береді. Тағы бір тігілген үлкен қазақ үй жиын өтетін зал қызметін атқарады. Аткинсон Қопалдың қары мен боранын көргісі келіп шығады. Абакумов тілегін орындап, бір инженер-офицерді қасына қосып береді. Аткинсон он жеті адаммен, арасында казак пен қазақтар бар, тауға жолға шығады. Алғашқы Абакумов отряды қыстап шыққан орнына барады. Маңайы аңға бай жер болады. Одан Қораға қарай шығады. Өзен суынан бес адамнан өтіп, сол жерге тоқтап, өзеннің арғы жағы тоғайға бітік болғандықтан, аң аулауға болып, лагерь жасайды. Аң аулауға кеткендер көшкісін үлкен олжаман оралады. Аткинсон табиғатты тамашалайды. Кешқұрым Бұрханбулақ шуыл-гүрілі естіледі. Ішінде әңгіме барысында бір қазақ өзінің жай қандармен аю алғанын айтып береді. Аюдан қалған қолындағы тытықты да көрсетеді. Ол өзі ылғи осы жақты торуылдайтын ұры, жыртпа, жортпаларды ұстап, Бұқара мен Қоқанға сататынын да айтып қалады.

Казактар екі – екіден кезегімен түн бойы карауылға тұрады. Қорада жел дауылынан жылынған ағаштарды көреді. Мол ақ. Одан Мұзтауға да жетеді. Мұздың қалыңдығы 30-40 фут. Қорада төрт күн дауыл тұрып, одан аяз басталады. Кері қайтар жолды өздер табады. Қопалда сол кезде тек жел мен жаңбыр ғана жауыпты. Күн жылы. Келіп тынығып, одан соң Аткинсон Қораның Бүйен жағына сапармен шығады. Бүркіттің көреді. Төбеді екі бүркіт ұшып жүреді. Яғни, анда алыс емес болғаны. Расында, бір казак үш қасқыр бір бұғыны андып жатқанын байқайды. Бүркіттің бірі шүйіліп келіп, қасқырға түседі. Бір бүркіт қасқырдың мойнынан, екінші бүркіт екінші қасқырдың арқасынан басып алады. Үшінші қасқыр қаша жөнеледі. Мылтық атылады. Бұғы құлайды. Сапаршылар бір оқпен үш бірдей олжаға кенеліп, Қопалға оралады. Тауда 150 адам ағаш даярлайтын. Боран жиілейді. Желтоқсан айында боран сынып, Аткинсон серіктер алып, тауға аңға шығып жүреді. «Рождество» мейрамын Аткинсон көңілді өткізеді. Губернатор мен офицерлер жеке-жеке мейрамдайды. Аткинсон бәрімен бірге тойласады.

Ақпан айының орта шенінде Қопал гүлденіп шығады. 1 наурыз күні жергілікті билік Ұлы жүз бен Орта жүз белді адамдарын шақырып, екі жақты татулық жасау ісіне кіріседі. Екі жақта бір-бірінің аямай, керуен тонап, кісі ұрлап, барымта-қарымталар жасапты. Шешімі дау-дамаймен даурыққан соң, жергілікті билік екі жаққа да тәртіп отрядын шығару шешімін қабылдайды. Жергілікті билік сұлтан мен би, болыстарды пушкіден оқ атудан 1 наурыз күні Қопалда қарсы алады. Одан соң ас та төк тамақ ішіліп, әңгіме дүкен құрады. Орталарында бірнеше офицерлер мен тәржімешілер болады. Арадағы әңгіме-сұхбаттан түк өнбейді. Екі жақ керіспен тынады. Содан шошынған жергілікті басшылық бекініс салу керек деп ұйғарады.

Ұлы жүз қазақтары жиылып, казактарды басып алмақшы болады. Олар Қопал тауының етегіне жиналады. Саны - 6, 7 мың жан. Қаруы біраз мылтық пен найза, сырықтары бар. Арпалыс басталып, екі жақтан біраз адам шығын да болды. Орыс-казактар қазақтар санынан үркіп, шегініс жасайды. Қазақтар басшы біреуін тосып тосылады. Ол басшы келісімен қазақтар екіге бөлінеді. Бекініске жанынан

шабуыл жасамаққа бір бөлігі өзеннен өтіп, шығыс жаққа шығады. Атқа мінгендері жалпылай қоршай бастайды. Абакумов оқ жететін жерге дейін жақындатып, батарея залпымен оқ атқызады. Қазақтар жарыла қашады. Қашқан ортаға Абакумов домалақ ядролы оқ атқызады. Қазақтар қасқыр тиген қойдан арман бытырап қашады. Орыстың бұл жеңісін тау қырғыздары естиді. Олар орыстарға елші жіберіп, келісім сұрайды. Бұл Аткинсон Қопалға келіп кеткеннен кейін болған оқиғалар.

Қопал қазір көп өзгерген. Жайлы үйлер мен шіркеу бар. 11 мың адам тұрады. Татар, орыс, казак сауда орталығы бар. Майдың 24 күні Аткинсон әйел-баласы және үш казакпен қысқы отауын тастап, Арасан тауының етегінде қоштасуын жасайды. Абакумов өз казактарымен Аткинсонды Қаратауға дейін шығарып салып, қай бағытпен жүру керектігін ескертеді. Аткинсон Ақсу өзені басынан өтпек болып жер шолып, көш жолы өткелімен өтіп, Басқан өзеніне жетеді. Табиғатқа назар салады. Қатты желден аттан түсіп, атты жетектеп жүреді. Басқан ойпатында Аткинсонды Барақ сұлтанның екі ұлы қарсы алады. Аткинсон Басқан өзенінің бас жағын аралап шығады. Жол көрсеткен қазақ Кенесары ханның отрядында болыпты. Ол осы Басқан өзені бойындағы Шайтан шатқалында Кенесары хан үш жүз жігітпен тасаланғанын айтып береді. Аткинсон жаяу казактарды ертіп Шайтан шатқалына барады. Ол жіңішке жерде орныққан екен. Кіретін бірақ есігі бар. Жазық ойпаттың ені - 1 жарым, ұзындығы - 7 верст. Ойпаттың шөбі ит-ырғын. Малға жайлы. Жан-жағы биік тік жартаспен қоршалған. Ешкім еш қайда кете алмайды. Кіретін, шығатын бір есіктен басқа жол жоқ. Бұлақ суы үңгір ішіне қарай ағып жатыр. Ол үңгірге ешкім кірмейді. Салдары шайтанның үйі. Орныққан жері деседі. Осында Кенесары хан 300 жігіттерімен тасаланыпты. Жатып жан-жігеті, орыс постарын, қытайлық мал, керуенін тонапты. Аткинсон Кенесары хан отауын тіккен жерге өз қонатын шатырын орнатады. Түнеп шығады. Үңгірге де біраз жеріне дейін кіріп, аралап барады. Іші тас қараңғы болғандықтан кері оралады.

Аткинсон амалдап, барлық киелі әсем жерлерді аралап жүріп, Ақтай бөктерлеріне де барады. Одан бір бұлақ басына келіп түнейді. Ертеңінде Барақ сұлтанның екі ұлы қоштасып, кері қайтады.

Абакумов выселогі – 1871 жылы Қарасу бекетінің орнына орнайды. 1857 жылы Абакумов пикеті Қопалы трактісінің бойына орнайды. Басында тастан екі бөлмелі үйді өз қаражатына Абакумов салдыртады. Ішінің бәрін өз дүние мүлікпен қамтиды. Таза қылып ұстатады. Маңайын көгалдандырып, талдар отырғызады. Гасфорт өз ықпалымен Абакумов выселогін деп атады. 1908 жылы Абакумовқада 38 үй болады, 212 (ер, әйел) тұрғынымен.

Ақсу выселогі – казактар мекені. 1857 жылы № 9 (Сергиопальдан) пошта бекеті болып орныққан Қопалы трактінде. Ақсу выселогі – Ақсу өзенінің оң жақ жағалауындағы дөңесті жерде орныққан. Өзеннен пароммен өтетін. 1871 жылы он үй орыс-казактар келіп орнығып, пошта бекеті Ақсу выселогі деп аталады. 1908 жылы Ақсу выселогінің тұрғындары 39 үйге жетіп, адамдар саны 257 (ер, әйел) болады.

Арасан-Қопал курорты – ыстық суының температурасы 35,5 градус. Жоңғарлар кезінен белгілі. Олар суға түсетін ваннаны тастармен қалап жасапты. Аңызда Жоңғар ханының әйелі бедеуліктен емделген. Сол үшін хан өз әйелінің бейнесін тасқа қашатып салдырып, су басына қойдырған. Арасан курорты 1850 жылы қолға алынады. Абакумов саман кірпіштен қонақ үй салдыртады. Офицерлер үшін. Келетіндерге арнайы үй салдырады. Ваннасымен суына түсетін ғимарат тұрғызырады. Арнайы асханамен жабдықтайды. Және төбесі

жабық, жан-жағы ашық тамақ ішетін орын салдыртады. 1853 жылы Абакумов 32 гектар алқапқа парк орнаттырады. Жеміс ағаштарын Құлжадан алдыртады. Персик, груша, абрикос, виноград т.т. Бақ арық суымен қамтылады. 1856 жылы Шоқан Арасанда инженер Ковригинмен болады. П.Семенов (Тянь-Шанский) суық тигеннен емделеді. 1857 жылы Абрамов та Арасанда болып, жазбалар жазып қалдырады. Арасан суы ревматизмге табылмас ем. 1860 жылы Арасанда емделу құны 2 рубль 50 тиын болған екен. Ванна бір алғанға 8 тиын. 1884-86 жылдары жергілікті билік 19.3 мың рубльге ремонт жүргізеді. Жақсы ғимарат кірпіштен тұрғызылады. Алты ванна орнайды. Жеке нөмірлер де пайда болады. Зал, кухня, буфет салынады. Ревматизм, жүйке, қотыр ауруларын емдейтін болады. 1887 жылы жер сілкінісінен курорт жайсыз қалыпқа түседі. Бәрін қайта орнына келтіруге Қопал уезд бастығы Лебедевтің шама-шарқы жетпей қалады. Капитальдық жөндеу тек кеңес заманының 1930 жылдары қолға алынады. Ал, парк со қалпы тоза береді. Пошта пикеті Арасан 1857 жылы салынады. 1878 жылы Арасан выселогінде бір мектеп, ашық шіркеу болады. 1908 жылы Арасан выселогінде 82 үй болып, 605 адам (ер, әйел) тұрған екен.

Қопал-Арасан ыстық суларының химиялық анализі. 1853 жылы доктор Залуковский: «Арасан ыстық суларының құрамында ешқандай метал заттары жоқ. Құрамында көмір қышқылы мен ішімдікке арналған тұздар бар. Одан басқа су құрамында газ, қышқыл, тұз қышқылы, кремний, магнезия, натр, калий, магний, кальций бар», - деген химиялық анализ жасайды. 1870 жылы Ташкент лабораториясында Арасан суының химиялық құрамы тексеріледі. Одан кейін 1873 жылы химик Тейхом деген Арасан суының химиялық анализдерін Ташкент лабораториясында тағы тексереді. Осы екі тексерулерден Арасан суының химиялық құрамында ешқандай метал құрамы жоқ екені анықталған. 1887 жылы Омбы Медицина қоғамының химигі П.Ф. Брейтгайм Арасан ыстық суының химиялық құрамын тексеріп, ол жерге «курорт орнатуға болады» деген шешім шығарылады.

Басқан выселогі – 1872 жылы орнаған. 1908 жылы 38 үй болып, 212 адам (ер, әйел) тұрғыны болған.

Капитан Н.М.Израилов жазбасы. 15 маусым 1879 жыл. Көптеген байлар, билер, атағы мен десі басым казактар, болыстар өз басымдықтарын көрсетеді. Мысалы: Қопалы уезінің кіші көмекшісі Атыхан Құдаймендин ұдайы солай жасап отырған. Әсіресе болыс сайлау барысы мен олардың ант қабылдау рәсімінде. Алдымен ұлық немесе уезд бастығы мен көп көзінше айғайлап ұрысып алып, сосоң жібиді. Бұл тәсілге айналған. Сондықтан Атыханнан көбі қорқып бығады. Байлар да көбіне өз ұлдарын бөлек бөлек шығара бермейді. Кедейлер тәртізді әкесі мен балалары бірге болады. Бір-бірінен отау тігіп, алыс отырғанымен, әкесінің айтқанынан балалары шықпайды. Жиған терген мал байлықты немесе еншіні тең бөліп пайдаланады. Бөлісті әкелері немесе баланың үлкені жасайды. Кейінгі ұрпаққа дәл солай жасалады. Балалары үйленген соң енші алып, атасы не әке рұқсатымен бөлек кетуіне де болады. Мұндай мысал Атыхан мен Дәркімбаи. Олар әкесінен қалған мал-мүлкіті бірлесіп пайдаланады. Атыхан жасы үлкен болғандықтан малға құзіретін жүргізеді. Атыханның балалары Балхан мен Еркімбаи үйленгенде оларға Дәркімбаи мен Атыханның келісімімен енші бөліп берілді. Атыханның екі әйелінен бес ұл, бір қыз туған. Атыхан өлген соң, барлық малға Дәркімбаи ие болып қалды. Ол ешкіммен бөліспеді. Атыханның екі әйелі, 20 жастағы Атыханның ұлы Сейілханға да малдан ештеңе бұйырмады.

Болашақ ғалым Мирас Әбдірахимнің Ташкент архивінен тапқаны. Семиречье облысының әскери губернаторы, 1877 жыл, 20 желтоқсан, Ташкент. Рапорт. Уезд бастықтарының кіші көмекшісі лауазымы жойылуына байланысты штатта Қопал уезінің уезд бастығының кіші көмекшісі Құдаймендин Атыхан төре қалдырылған. Ақ патша қызметінде көп жылдан бері. Атыхан төре – 1859-1863 жылдарда аға сұлтандыққа кандидат болды. Ал, 1863 - 1868 жылдары Қопал приказының заседателі болса, 1868 жылдан Қопал уезд бастығының кіші көмекшісі қызметін жасады. Ол істеген қызметтерін адал атқарды. Атыхан төренің жасаған қызметтерін бағалай келе, мемлекеттік қазынадан Атыхан Құдаймендинге 300 рубль тұрғысында өмір бойына зейнетақы тағайындауды сұраймын. Генерал-лейтенант Г.Колпаковский.

Азаматтар мен заңды адамдардың өтініш беру механизмін түсіндіру құқықтарды, сондай – ақ, тәртіпті қорғау үшін прокуратураға тартымды жауаптар

Прокуратура органдарына өтініштер келесі жолдармен беріледі:

- әдейі;
- пошта қызметі арқылы;
- электрондық үкімет порталы арқылы (электрондық цифрлық қолтаңбамен қол қойылған кезде);
- «e-otinish» ақпараттық жүйесі арқылы.

Осыған байланысты, өтінішті тіркеу және қарау үшін оны жоғарыда аталған әдістердің бірімен прокуратура органдарына беру қажет.

Прокуратура органдарындағы өтініштерді қарау тәртібі «Прокуратура туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 24-бабында, атап айтқанда:

- адам мен азаматтың, егер олар физиологиялық ерекшеліктеріне, психикасының бұзылуына және басқа да мән-жайларға байланысты өз құқықтарын, кәмілетке толмағандардың, сондай-ақ, адамдардың шексіз шеңберін өз бетінше қорғай алмаса, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға және қалпына келтіруге;
- адамның және азаматтың, қоғамның немесе мемлекеттің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға және қалпына келтіруге, егер бұл мүдделерді қорғауды құзыретіне тиісті өкілеттіктер кіретін уәкілетті орган тиісті түрде қамтамасыз етпесе немесе мұндай құқықтар болмаған жағдайда;
- жеке кәсіпкерлік субъектілерінің қызметіне мемлекеттік, жергілікті өкілді және атқарушы органдар, жергілікті өзін-өзі басқару органдары, мекемелер, олардың лауазымды адамдары, меншік нысанына қарамастан басқа да ұйымдар араласқан жағдайларда олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға және қалпына келтіруге;
- Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысына және ұлттық қауіпсіздігіне төнген қауіпті болдырмау мақсатында;
- жойылмауы адам өмірі мен денсаулығына зиян келтіруге әкеп соқтыратын заң бұзушылық фактілері бойынша;
- Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмасы бойынша;
- Бас Прокурордың тапсырмасы бойынша.

Өтінішті қарау мерзімі 15 жұмыс күнін құрайды.

Нақты мән-жайлар анықталған жағдайда, өтінішті дұрыс шешу, басқа мемлекеттік органдардан, меншік нысанына қарамастан мекемелерден, ұйымдардан ақпарат алу үшін шағымды қарау мерзімі басшының дәлелді шешімі бойынша ұзартылуы мүмкін (2 айдан аспауы тиіс). Өтінішті қарау мерзімін ұзарту туралы өтініш берушіге мерзім ұзартылған күннен бастап 3 жұмыс күні ішінде хабарланады.

Прокурордың әрекетіне (әрекетсіздігіне) және актілеріне осы Конституциялық заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында белгіленген жағдайларда және тәртіппен жоғары тұрған прокурорға немесе сотқа шағым жасалуы мүмкін.

Сот немесе жоғары тұрған прокурор прокурордың актілеріне немесе оның әрекеттеріне шағым бойынша шешім қабылданға дейін олардың орындалуын тоқтата тұруға құқылы.

Жоғары тұрған прокурор жеке және (немесе) заңды тұлғалардың шағымды бойынша не өз бастамасы бойынша төмен тұрған прокурордың актілерінің күшін жоюға, тоқтата тұруға немесе өзгертуге құқылы.

Талғат МОЛДАХАНОВ,
ҚР БП ҚСЖАЕАЖК-нің Жетісу облысы бойынша
Департаментінің өтініштерді талдау және бақылау бөлімінің
бастығы, әділет кеңесшісі.

Бизнесі қорғау



мен заңды мүдделерін қорғауға бағытталған бірыңғай қағидаттарды айқындайды.

Сонымен қатар берілген рұқсаттар мен жіберілген хабарламалар бойынша біліктілік немесе рұқсат беру талаптарына сәйкестігін тексерудің жаңа нысаны енгізілді.

Барлық енгізілген жаңа нормалар Кодекстің 13-тарауына сәйкес реттеледі.

Сондай-ақ, тексерулерді есепке алу мен тіркеудің барлық процесі «Тексеру субъектілері мен объектілерінің бірыңғай тізілімі» (ТСОБТ) ақпараттық жүйесінде цифрландырылған, ол тіркеу сатысында бизнесті заңсыз тексерулерден қорғауды, сондай-ақ, мемлекеттік бақылау мен қадағалаудың ашықтығын қамтамасыз етеді.

Барлық қызықтыратын мәселелер бойынша, оның ішінде тексеруші мемлекеттік органдар тарапынан заңсыз әрекеттер туралы өтініштермен Бас прокуратураның бірыңғай байланыс орталығына (телефон-115).

Сонымен бірге кез - келген кәсіпкер Комитеттің «www.qatqor.gov.kz» ақпараттық порталында тексерістің тіркелуін көре алады.

Е.АСҚАРОВ,
ҚР БП ҚСЖАЕАЖК-нің Жетісу облысы бойынша
Департаментінің
аға прокуроры.

Құқықтық статистика органдарымен көрсетілетін мемлекеттік қызмет алу тәртібіндегі оң өзгерістер енгізілгенін хабарлайды

Құқықтық статистика органдарымен мемлекеттік қызметтің 3 түрі көрсетіледі: соттылықтың болуы туралы анықтама, мұрағаттық анықтама және прокуратура органдарынан, тергеу және анықтау органдарынан шығатын ресми құжаттарға апостиль қою туралы анықтама беру.

Мемлекет Басшысының мемлекеттік қызметті электрондық форматқа көшіру бойынша тапсырмасын іске асыру шеңберінде Комитет мемлекеттік қызметтің үш түрін автоматтандыру және оңтайландыру жөнінде бірқатар іс-шаралар жүргізді. Сонымен "Соттылықтың болуы немесе болмауы туралы анықтама беру" мемлекеттік қызмет толық автоматтандырылды. Құжаттарды қабылдау және мемлекеттік қызметтерді көрсету нәтижесін беру www.egov.kz «Электрондық үкімет» веб-порталы (әрі қарай – портал) арқылы альтернативті түрде де, сонымен бірге анықтаманы қағаз үлгісінде алу қажет болған жағдайда Мемлекеттік корпорация арқылы жүзеге асырылады.

Сонымен бірге қызметтерді оңтайландыру шеңберінде азаматтарға жылжымалы жүйенің абоненттік қондырғысы арқылы, яғни eGov порталының мобильдік қосымшасы арқылы электрондық анықтама алу мүмкіндігі берілген.

Азаматтарға арналған жаңа енгізулердің бірі Мемлекеттік корпорация филиалының мекен-жайын таңдаумен шетелге шығу үшін анықтама алуға электрондық сұрау беру мүмкіндігі болып табылады, ол жерде қағаз түрінде жауап алуға болады. Бұрынғы Мемлекеттік корпорацияға міндетті бара отыра қағаз варианты ғана жіберу мүмкін болатын. Электрондық анықтаманы «EgovKzBot» Telegram-бота көмегімен алуға болады.

Анықтама алу үшін «Мобильді азаматтар базасына» (МАБ) тіркелу қажет. Бұл үшін eGov.kz порталында Жеке кабинетке өзінің деректерін енгізу қажет.

Анықтама алу үшін Telegram мессенджерді көшіру керек, «EgovKzBot» іздеу жолына енгізу, енгізу/қайта енгізу. Әрі қарай «Қызметтер» бағанында "Соттылықтың болуы немесе болмауы туралы анықтама беру" атты сервисті таңдау, содан кейін азаматқа растау коды көрсетілген SMS – хабарлама келеді, қодты енгізгеннен кейін соттылықтың болуы немесе болмауы туралы ақпарат берілетін болады.

Сондай-ақ, порталда электрондық анықтаманы ЭЦҚ қоймай-ақ «Бір реттік SMS паролінің сервисінің» көмегімен алуға болады.

Сонымен қатар порталда «Үшінші тұлғалармен анықтама алу сервисі» жүзеге асырылған. Енді, жұмыс берушілердің өздері он-лайн қызметін қолдана отыра «жеке кабинет» және (немесе) sms-растау арқылы сұрау жіберілетін адамға қатысты, адамдардың келісім шарты болған кезде басқа адамдарға қатысты соттылықтың болуы немесе болмауы туралы электрондық сұрау жіберу алады.

Осындай қызметті алудың негізгі шарты МАБ-на тіркеу болып табылады. МАБ-не тіркелу үшін қызмет алушыға порталдағы «жеке кабинетте» «телефон» деген бағанда телефон нөмірін көрсету керек немесе оны ЖСН-ді Мемлекеттік корпорацияның кез - келген фронт-офисіне тіркеу қажет.

«Комитеттің және оның аумақтық бақармаларының мұрағаттары шеңберінде мұрағаттық анықтамаларды және/немесе мұрағаттық құжат көшірмелерін беру» мемлекеттік қызметі ішінара автоматтандырылған. Қызмет алуға үшін электрондық сауалдарды жіберу сервисі портал арқылы іске қосылды. Қазіргі уақытта, қызметті портал арқылы немесе Мемлекеттік корпорация арқылы тапсыруға болады. Қызметтің нәтижелерін Мемлекеттік корпорация арқылы ғана алуға болады. Қызмет көрсету мерзімі 30 күнтізбелік күннен 10 күнтізбелік күнге дейін қысқартылған.

«Прокуратура органдарынан, тергеу және анықтау органдарынан шығатын ресми құжаттарға апостиль қою» мемлекеттік қызметі автоматтандырылмаған, ол Мемлекеттік корпорация арқылы қағаз түрінде көрсетіледі.

Қызмет көрсету мерзімі 5 жұмыс күні. Прокуратура органдарынан шығатын апостиль қоятын құжаттардың 99% есепке ала отыра, соттылықтың болуы немесе болмауы туралы анықтаманы құрайды, мынадай мүмкіндік іске асырылады:

- композиттік қызметке электрондық өтініш беру – соттылықтың болуы немесе болмауы туралы апостиль қойылған анықтама;
- мемлекеттік бажды онлайн режимінде электрондық үкіметтің төлем шлюзі (ЭУ ТШ) арқылы төлеу;
- қызмет алушының филиалдың мекен-жайын порталда таңдау.

Қызметтердің нәтижелерін қағаз түрінде алу үшін қызмет көрсететін Мемлекеттік корпорациялар.

Комитеттің қызметін электрондық форматқа 100% көшіру мақсатында, ҚР ӨМ «Е-Апостиль» сервисін іске асыру шеңберінде апостильдендіру ұсыныша қызметтерді электрондық форматқа толық көшіру жұмысы жүргізілуде.

Мемлекеттік қызмет көрсету саласындағы жаңалықтар



орындауға байланысты лауазымдарға қатысты болатын. Бас Прокуратураның Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті адамның сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны туралы мәліметтерді беруді мемлекеттік қызметтер көрсету санатына ауыстырды.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің қабылдануы және ұсынылуы www.egov.kz «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы жүзеге асырылады.

Қызметтің орындалу мерзімі 10 минут, қосымша анықтамалық тексеріс жағдайында – 5 жұмыс күнді құрайды.

Сондай-ақ, қызметкерлерге қатысты мәліметтерді алу үшін, олардың келісімі болған жағдайда «жеке кабинет» және (немесе) sms-растау арқылы жұмыс берушілерге қолжетімді. Осындай қызметті мобильді азаматтар базасында тіркелген жағдайда ғана алуға болады.

Мобильді азаматтар базасында тіркелу үшін көрсетілетін қызметті алушы Мемлекеттік корпорацияның кез - келген фронт-офисіне жүгіну арқылы «электрондық үкімет» веб-порталының «Жеке кабинетіндегі», «телефон» бағанында телефон нөмірін көрсету немесе оны жеке сәйкестендіру нөміріне (ЖСН) байланыстыру қажет.

Ақпараттық – анықтамалық қызмет көрсету саласындағы жаңалықтар

Бас Прокуратураның Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті qatqor.gov.kz ақпараттық порталында әрекетке қабілетсіз және әрекетке қабілеттілігі шектеулі деп танылған тұлғалар туралы мәліметтердің арнайы есепте болуы немесе болмауы туралы ақпаратты қысқа мерзімде алуға мүмкіндік береді.

Ақпаратты алу үшін qatqor.gov.kz порталына өту керек, одан әрі Сот әрекетке қабілетсіз немесе әрекетке қабілеттілігі шектеулі деп танылған тұлғалардың тізілімі бөлімінде ЖСН мен жеке басты куәландыратын құжаттың деректерін енгізу қажет.

Одан кейін жүйеде анықтама қалыптастырылады, оны талап ету орны бойынша ұсыну үшін қағаз түрінде басып шығаруға болады. Аталған анықтама электрондық цифрлық қолтаңба арқылы куәландырылған және ресми құжат болып табылады.

Али БАЛАБЕКОВ,
ҚР БП ҚСЖАЕАЖК-нің Жетісу облысы бойынша
Департаментінің қылмыстық саладағы құқықтық ақпаратты қалыптастыру
прокуроры.

"МЕКТЕПКЕ ЖОЛ" Республикалық қайырымдылық акциясы

"Есболған Жайсаңбаев атындағы орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінде "Мектепке жол" акциясы жүзеге асуда.

Іс-шараның мақсаты – аз қамтылған және көп балалы отбасылар, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар ішінен оқушыларға жаңа оқу жылына дайындық кезеңінде және әлеуметтік себептер бойынша балалардың мектепке бармауының алдын алу үшін көмек көрсету мақсатында ұйымдастырылады. Сондықтан дәстүрге айналған «Мектепке жол» республикалық акциясы биыл «Жақсылық жасап жарысайық!» атты айдармен өткізілуде. Акция еліміздің барлық өңірлерінде ағымдағы жылдың 1 тамызы мен 30 қыркүйек арасында өтеді. Бүгінгі таңда қайырымдылық жасау-жақсылықтың нышаны екені анық. Себебі, «Жақсылыққа жақсылық әр кісінің ісі, жамандыққа жақсылық ер кісінің ісі» демекші көмек көрсету жаны жомарт адамдардың үлесі екені анық.

Акция аясында оқушыларға мектепке дайындыққа көмек көрсету бойынша келесі іс-шаралар өткізілді: Жалпыға бірдей білім беру айлығын өткізу туралы мектепшілік бұйрық шығарылып, жоспар құрылып, көмекке мұқтаж отбасылар туралы мәліметтер базасы жасақталып, ақпараттық стенд жасалып, әлеуметтік желілерде жарияланып, кәсіпкерлер мен мекемелерге демеушілік көмек көрсету туралы өтінішпен хат жолданып жұмыстар жүргізілуде.



Қазіргі таңда мектебімізде 80 білім алушы мектеп формасы және кеңсе тауарларымен қамтылды.

Осындай қоғамдық маңызы зор шараға 480000 (төрт жүз сексен мың) теңге көлемінде мектеп сөмкесі, оқу құралдары, спорт киімдері, мектеп формасымен қайырымдылық жасап демеуші болғандар мектеп ұжымы мен мектеп түлектері, жеке кәсіпкерлер, ауыл әкімшілігі, сонымен қатар ауылымыздағы «Тамшыбұлақ қоры», ауылдық мешіт, электр жүйесінің қызметкерлері атсалысты.

«Мектепке жол» айлығының жұмысы қанағаттанарлық деп танылып, қайырымдылық қорында, ізгілік жолында қол ұшын берген ізгі жандарға алғысымызды білдіреміз.

Акция аясында оқушыларға мектепке дайындыққа көмек көрсету бойынша жұмыстар жыл бойы жалғасатынын айта кеткен жөн. Бұл акция әлі жалғасады, Сізге өз үлесіңізді қосуға асығыңыз!

Гүлбәден АЙҚЫН,
"Е.Жайсаңбаев атындағы орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің әлеуметтік педагогы.

Жемқорлыққа қалай қарсы тұруға болады?

Дана халқымыздың «Ұрлық түбі – қорлық», - деген мәтелін еске алар болсақ, елдің қаржысын талан - таражға салып, «бармақ басты, көз қысты» әрекеттерге баратын тұлғалардың ақыр түбінде тұтылатынын жоғары лауазымды тұлға да, қатардағы мемлекеттік қызметші де түсінуі тиіс. Сыбайлас жемқорлықтың тарихы тым тереңнен келе жатқанын халқымыздың ұлы ақыны Абай Құнанбайұлының «Күлембайға» деген өлеңіндегі «Болыс болдым мінеки, Бар малымды шығындап. Түйеде қом, атта жал, Қалмады елге тығындап» деген жолдардан білуге болады.

Қоғамды іштен ірітіп, азаматтардың билікке деген сенімін жоғалтуға себеп болатын бұл дерттен арылудың жолдарын табу үшін ең алдымен оның себептерін анықтау қажет. Сыбайлас жемқорлық фактісі бойынша ұсталып, өмірін өксіткен жандар көп жағдайда бұның себебін жалақының төмен болуымен түсіндіреді. Әрине, олардың бұлай ақталуына еш негіз жоқ. Отбасын асырау үшін заңмен рұқсат етілген адал нәпақа табудың бірнеше жолы бар. Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік қызмет туралы» заңының 10-шы бабының 2-ші тармағына



сәйкес мемлекеттік қызметшіге педагогикалық, ғылыми және басқа да шығармашылық қызметпен айналысуға рұқсат етілген. Мемлекеттік қызметші негізгі қызметтен бос уақытта шығармашылықпен айналысып, оқытушылық тәжірибені жүзеге асыру арқылы негізгі еңбек ақыға қосымша қаражат табуына болады.

Алайда, сыбайлас жемқорлық бүгінгі күні қоғамымыздың барлық саласында дендеп еніп, барлық салаға өз зардаптарын тигізіп отыр. Осы орайда бұл келеңсіз құбылыспен күресу барлық ұлтжанды азаматтардың парызы екенін ұмытпауымыз тиіс. Мемлекеттік органдарда жұмыс жасайтындардың өзгенің тағдырына, жұмысына деген немқұрайлылығы, тойымсыздығы, қарапайым азаматтардың құқықтық сауатсыздығы мемлекетімізде жемқорлықтың асқынуына жол ашқаны ешкімге жасырын емес.

Сыбайлас жемқорлықпен пәрменді күресу үшін халықтың құқықтық сауатсыздығын, нигилизмді жоятын, құқықтық түсініру жұмысының деңгейі мен сапасын арттыру керектігінің маңызы зор.

Әрбір қоғам дамуының жақсы жағымен қатар көлеңкелі тұсы да қатар жүретіндіктен, елдің әлеуметтік хал - ахуалының жақсарып, экономикалық жоғары даму деңгейіне жетуді, халқымыздың демографиялық өсіп - өнуін көздеген шаралар жасалынып жатқан кезде, алға басқан қадамды кейін тартып, дамуымызға тежеу болып отырған сыбайлас жемқорлықпен күресті күшейту — әрқайсымыздың азаматтық борышымыз болып табылады.

Қаракөз ауылдық кітапханасында оқырмандардың қатысуымен сыбайлас жемқорлықтың алдын алу шаралары бойынша «Жемқорлыққа қалай қарсы тұруға болады?» дөңгелек үстел өтті. Кеш мақсаты - сыбайлас жемқорлықты жою жолдары туралы өз көзқарастарын, ұсыныстарын білдіріп, өз ісіне жауапкершілікпен қарау және парасаттылыққа тәрбиелеу.

Б.АБЕЕВА,
Қаракөз ауылдық кітапханасының кітапханашысы, БПҰ мүшесі.

● Матай ауылдық округі, Матай ауылы, А.Қисабек көшесі, №22 мекен - жайда орналасқан ескі Матай вокзалы 28.07.2023 жылдан, бос иесіз мүлік ретінде тіркеуде тұр. Осыған байланысты сот арқылы коммуналдық меншікке қабылданатынын хабарлайды.

● Матай ауылдық округі, Матай ауылы, А.Қисабек көшесі, №16 мекен-жайда орналасқан ескі пошта ғимараты 28.07.2023 жылдан, бос иесіз мүлік ретінде тіркеуде тұр. Осыған байланысты сот арқылы коммуналдық меншікке қабылданатынын хабарлайды.

● МАМАН КЕҢЕСІ

ЕКПЕДЕН БАС ТАРТУДЫҢ САЛДАРЫ

Көптеген ата-аналарды жоспарлы екпелерден бас тартуға бола ма деген сұрақ мазалайды. Балалар екпесін алудан бас тарту – ол ата-ананың құқығы, немесе қамқоршылардың, себебі, олар өз перзентінің өмірі мен денсаулығы үшін ол 18 жасқа толғанға дейін жауапты. Бірақ, егер Сіз екпеден бас тартуға бел бурсаңыз, бас тарту заңды және медициналық тұрғыдан саналы қадам болуы тиіс. Бұдан басқа ол болашақта емханалармен, балабақшамен және мектеппен ешқандай қиындықтар туындамауы үшін дұрыс рәсімделуі тиіс. «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» ҚР Кодексі 156-бабына сәйкес ҚР аумағында тұратын жеке тұлғалар тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көлемі аясында инфекциялық және паразитарлық ауруларға қарсы профилактикалық екпелерді алуға міндетті.

Профилактикалық екпені енгізу алдында медицина қызметкері егілетін адамды қарап-тексеруді жүргізеді. Медицина қызметкері оған не оның заңды өкіліне профилактикалық екпе, ықтимал жанама әсерлері, олардан бас тарту салдарлары, вакцинадан кейінгі ықтимал асқынулар туралы толық және объективті ақпарат береді. Жазбаша нысанда берілген келісімнің не бас тартудың болуы профилактикалық екпе жүргізудің шарты болып табылады.

Инфекциялық аурулардың өршуін болдырмау мақсатында балалардың ұйымдасқан ұжымдарына профилактикалық екпелерді алғаннан кейін жіберіледі. Тіркеуді әр жағдайында ұйымдасқан ұжымдарда инфекциялық ауруларды тіркеген жағдайда егілмеген адамдар яғни, инфекциядан қорғалмаған адам-

дар осы мекемелерге аурудың тоқтатылуына дейін келуден шеттетіледі, себебі, инфекциялардан қорғалмаған.

Екпеден бас тартудың салдарлары қандай? Осындай қадамнан кейінгі ықтимал келеңсіздіктерге мыналар жатады:

- Сіздің балаңыздың ауырып қалуы және отбасы мүшелеріне жұқтырудың қаупі жоғары. Салдарлары қайғылы жағдайға әкелуі мүмкін, мысалы полиомиелитпен ауырғаннан кейін ол мүгедек болып қалуы мүмкін;

Терісі және шырышты қабықтары бұзылып жарақат алған, немесе жануарлар тістеген кезде сіреспе және құтыру ауруларына шалдығудың жоғары қатері. Кез келген бала осы инфекцияларға шалдығу қатері жоғары жарақат алудан немесе жануарлардың тістеуінен кепілдендірілмеген. Сіреспеден тек сіреспеге қарсы екпе енгізу және сарысу-ды уақытылы жедел енгізу арқылы қорғауға болады.

Сол елде болудың халықаралық медициналық-әлеуметтік ережелері немесе халықаралық шарттарға сәйкес нақты профилактикалық екпелерді талап ететін елге кіруге тыйым салынады;

Орындалуы - инфекциялық аурулармен аурудың жоғары қаупімен байланысты жұмысқа қабылдаудан бас тарту.

Тәжірибе көрсеткендей, егілмеген адам ауырғанда инфекция әдетте ауыр нысанда асқынумен және кейде өлім жағдайына әкелумен өтеді. Қалыптасқан жағдайда бала қауіпті инфекцияларға қарсы иммунитеті болмайды, осы арқылы аталмыш аурулардан асқынулардың қалыптасуы және инфекциялануының маңызды қаупіне ұшырайды.

ЖІТІ РЕСПИРАТОРЛЫҚ ВИРУСТЫҚ ЖҰҚПА, ТҰМАУ



Алматы облысында жыл сайын 1000-нан 100 мыңға дейін жіті респираторлық вирустық аурулар тіркеледі. Ауырғандардың басым көпшілігі 14 жасқа дейінгі балалар, үлес салмағы сырқаттанушылықтың 80% құрайды.

Сырқаттанушылықтың көтерілуі қарашадан басталып, қаңтар, ақпан айларында жоғарғы деңгейге жетеді.

Вирус адамнан адамға ауа-тамшылы жолмен жөтелу немесе түшкіру кезінде, ал кейбір кезде сөйлеу барысында майда бөлшектердің науқас адамнан шығуы арқылы жеңіл тарайды.

Жұқпа көзі - ауру адам, әсіресе сырқаттанғаннан бастап алғашқы 2-3 күндері айналасындағыларға қауіпті. Жұқпаның жасырын кезеңі орташа алғанда 3 күнге дейін. Ауру жіті басталып, клиникалық белгілер тез пайда болады. Алғашқы 24-36 сағаттың ішінде дене қызуы 39-40С жоғарылайды, бас ауруы, бұлшық еттер мен буындардың ауруы, жөтел, мұрынның бітуі, кейбір науқастарда ауыр жиі тыныс алу, конъюкти-

вит, асқазан-ішек қызметінің бұзылыстары байқалады.

Тұмау жұқпасының алдын алудың ең тиімді шарасы – тұрғындарды иммундаумен қамту. Жыл сайын иммундауға жататын контингенттерді егу үшін жергілікті бюджеттен тұмауға қарсы вакцина бөлініп, иммундау жүргізіледі. Иммундауға келесі мақсатты топтар жатады: ұйымдасқан жабық мекемелер (бүлдіршіндер, балалар, мүгедектер, қарттар үйі және мектеп интернаттары), жиі ауыратын иммунитеті төмен балалар мен созылмалы аурулары бар ересек медициналық қызметкерлер, 2-ші 3-ші триместрдегі жүкті әйелдер.

Тұмауға қарсы арнайы иммундаудан басқа тұмау және жіті респираторлық вирустық жұқпаның жоғарылау кезеңінде жұқпаның арнайы емес алдын алу шараларына да естен шығармауымыз керек. Қазіргі уақытта тұмау және жіті респираторлық вирустық жұқпаның жедел және жоспарлы түрде алдын алу үшін дерілік заттардың түрлері кеңінен таралған.

Тұмаумен науқастанған адам уақытында медициналық көмекке жүгінгені дұрыс. Науқасқа төсек тәртібі ұсынылады, дәрумендік диета және сұйық тағам түрлерін молынан пайдалану, бөлмесін жиі желдету керек. Тұмаудың алдын алуы жеке бас гигиенасын сақтау жиі қолды сабынмен жуу. Түшкіріп жөтелген кезде ауызды немесе мұрынды бет орамалмен жабу. Мүмкіндігінше халық тығыз орналасқан және жаппай шаралар ұйымдастырған жерлерге бармаған дұрыс, өздеріңізді күтіңіздер!

Б.ТЕМІРХАНОВ,
аудандық СЭББ басшысы.

"АҚСУ Өңірі"
Меншік иесі - ЖШС
"Ақсу өңірі" газеті"
Құрылтайшы, директор -
бас редакторы
ҚАСЫМБЕКОВА
ЛӘЗЗАТ
ҚАЛМҰХАМБЕТҚЫЗЫ

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму Министрлігі Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитеті 2015 жылғы 16 қараша айында есепке қойылды. Күрәлік №15701-Г

Газет бетінде жарияланған мақалалар авторының пікірі редакция көзқарасы болып табылмайды. Мақалалар өңделеді, авторға қайтарылмайды. Жарнама, хабарландырулар, арнау, құттықтаулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет қазақ тілінде аптасына бір рет, жұма күні шығады.

БІЗДІҢ
МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ:
Ақсу ауданы,
Жансүгіров ауылы,
Желтоқсан көшесі, №5 "В",
аудандық әкімшілік үйінде
Тапсырыс 488
Осы шығарылымның таралымы 2174

Директор - бас редактор
- 2-12-90,
жауапты хатшы
- 2-12-90.

Электрондық пошта:
aksuoniri@mail.ru
Газеттің ресми сайты
aksuoniri.kz

Индекс: 65750
Оффсеттік басылым көлемі 26 т.